Сонымен лонгрид дегеніміз не? Лонгрид дегеніміз бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат берудің ең танымал әрі тиімді әдістерінің бірі. Бұл өз кезегінде байланыс арналарына, соның ішінде қоғамдық коммуникация мен медиа саласына елеулі әсер етеді.

Мультимедиялық жоба немесе лонгрид ақпарат берудің жаңа да соны әдісі. Сондықтан қазіргі таңдағы зерттеулер мен тәжірибелік ғылыми ұсыныстарда лонгридтің теориялық түсінігін қалыптастыратын тұжырымдамалар әлі де қалыптаспаған. Аталмыш мақалада лонгридті зерттеудің қолданыстағы теориялық базасы қарастырылады. (Costera, 2020:230). Қазіргі заманғы медиакөңістік «конвергенттілік» ұғымымен тығыз байланысты сипатталады. Бұл термин медиасалада кеңінен қолданылып, әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының, платформалар мен технологиялардың өзара ықпалдасуын білдіреді. Журналистикадағы конвергенция – бұл ақпаратты өндіру, тарату және тұтыну үдерістерінде әртүрлі медиатүрлердің үйлесімді түрде бірігуі мен ықпалдасуы. Аталған құбылыс ақпарат жеткізу технологияларының дамуы нәтижесінде қалыптасып, дәстүрлі БАҚ пен жаңа медианың шекараларын жойып, оларды біртұтас коммуникациялық жүйеге айналдыруды мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, журналистикадағы конвергенция – бұл ақпараттық мазмұнды әртүрлі платформаларда (баспа, телеарна, радио, интернет) бірегей әрі үйлесімді форматта ұсынуды көздейтін тұтас медиа стратегия.

Сонымен, конвергентті журналистика дәстүрлі медианың жаңашыл технологиялармен

тоғысуының нәтижесі ретінде ақпарат өндірудің жаңа моделін қалыптастырып, аудиториямен байланыс орнатудың тиімді жолдарын ұсынады.

Қазіргі журналистік конвергентті тәжірибеге сүйенсек, лонгрид дегеніміз журналистің аудиториямен өзара әрекеттесуінің жаңа технологияларының бірі болып есептеледі (Midberry, 2020:1159).

Лонгрид – бұл аудио, бейне, фотоматериалдар, интерактивті және гипермәтіндік элементтерді қамтитын, конвергентті журналистика аясында жүзеге асырылатын материал жасаудың ерекше әдісі. Бұл әдіс мультимедиялық баяндаудың күрделі құрылымын құра отырып, мәтін, фотосуреттер, бейнеклиптер, аудио, графика және интерактивті компоненттерді біртұтас нарративке біріктіруге мүмкіндік береді.

Лонгрид форматы аудиторияның ақпаратты қабылдау деңгейін арттыруға, эмоционалды әсер етуге және мазмұнмен тереңірек өзара әрекет жасауға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, лонгрид – тек техникалық мультимедиа элементтерінің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар мазмұн мен құрылым жағынан да классикалық баяндау үлгілеріне негізделетін нарративтік форма болып табылады.

Мультимедиялық лонгридте дәстүрлі баяндаудың негізгі элементтері (оқиға желісі, кейіпкерлер, уақыт пен кеңістік, драматургиялық құрылым және т.б.) сақталуы тиіс. Осыған байланысты, нарратология – яғни баяндау теориясы – лонгрид құрылымын ғылыми тұрғыдан түсіндіру мен талдауда маңызды әдіснамалық негіз болып табылады. Нарратологияның негізгі қағидалары – оқиға құрылымының логикасы, баяндау реттілігі мен типтері, оқырманмен байланыс тетіктері – лонгрид форматына да толықтай қолданылады.

Сонымен, лонгрид қазіргі медиамәтінде дәстүрлі баяндау тәсілдерін мультимедиялық құралдармен ұштастыратын, конвергентті журналистиканың заманауи өнімі ретінде ерекшеленеді. Яғни, лонгридтің журналистикада ақпарат берудің дәстүрлі әдісі екенін нақтылайды (Harcup, 2021:77).

Зерттеу әдістері

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін біз зерттеудің келесі әдістерін таңдадық: әдебиеттерді зерттеу, талдау және синтездеу, салыстыру, жалпылау және жүйелеу.

Тақырыпты тандауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Белгілі ағылшын зерттеушісі Б.Р. Паттерсон лонгрид ұғымына туыстас «фичер» жанрын тілге тиек етеді. Бұл термин «тақырыпқа терең ену» әдісі арқылы жазылған ұзақ мәтіндерді кеңінен сипаттайды (Appelgren, 2020:71).

Қазіргі таңда сарапшылар лонгридтің әдіс немесе жанр екендігі туралы екіұдай пікірді алға тартады. Белгілі ғалым А. А. Тертыйный жанр ұғымына «бір-біріне ұқсайтын мазмұнды-формальды белгілермен біріктірілген басылымдардың тұрақты түрлері» деген анықтама береді. Ол шындықты көрсету тәсілін басты нысанға алады.

Ал, А. В. Колесниченко «тақырыптың жүйелілігі (жаңа құбылыс, жүйелік тергеу), журналистің көптеген ақпарат көздерін қолдана отырып, тақырыпты терең және ұзақ зерттеуіне негіз болатын лонгрид ұғымы күн санап артып келеді» деп лонгридтің жанрлық сипаттамасына ерекше тоқталып өтеді. Интернетті зерттеуші ғалым С. Стинсен «интернеттегі байланыс көбінесе жанрлар мен форматтардың диффузиясына әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар дискурстың әртүрлі түрлерінің пайда болуына негіз болады» деген соны пікір ұсынады (Wenzel, 2020: 515).

Лонгрид ұғымын мұқият қарастырып көру үшін келесі зерттеулерге назар аударалық. «Nngroup» зерттеу орталығы оқырмандардың қандай көлемдегі онлайн мәтінді оқитынын зерттеу үшін тәжірибе жүргізу барысында 200 адамнан тұратын «nngroup» пайдаланушыларын жинады. Осы зерттеуге сәйкес, қатысушылардың көпшілігінде веб-сайттың қай түрі болмасын, мәтінді қарау жүйесі ұқсас. Бұл өз кезегінде оқырманның мәтіндегі тақырып пен бірінші абзацтағы мазмұнға жіті назар аударуға бейім екенін білдіреді. Яғни, оқырмандар содан кейін барып мәтіннің қалған бөлігін оқиды. Аталмыш нәтижелерге сүйенсек, алғашында бірнеше мың таңбадан тұратын мәтіндерді жариялау пайдасыз болып көрінеді.

Дегенмен бұл зерттеу лонгридтің артықшылықтары бар екенін айқын көрсетеді. Яғни, 2014 жылы «Newswhip» жаңалықтар компаниясы онлайн жаңалықтарды ұсынудың тиімді әдісін анықтау үшін тағы бір зерттеу жүргізді. Әрине, зерттеу барысында, ең танымал формат қысқа жазбалар екені тағы да дәлелді бола түсті. Әйтсе де, көлемді мақалаларды ұнататын пайдала-

нушылардың үлесі қысқа мәтінді мақалаларды оқитын оқырмандармен бірдей болып шықты (1200 сөзден немесе 7300 таңбадан). Бұл зерттеудің нәтижелері 2017 жылдың қаңтар айында тағы бір рет расталды (Dowling, 2020:246).

«Newswhip» жүргізген тағы бір зерттеу әлеуметтік желілердегі ең кең таралған жазбаларда әдетте 1000-нан астам сөз және 6000-нан астам таңба бар екені анықталды. Зерттеуге BBC, CNN, New York Times және т. б. сияқты әлемдік БАҚ көшбасшылары қатысты.

Әлемдік зерттеулерге сәйкес, лонгрид ұғымының аясы кең екені және қазіргі таңда көз ілеспес шапшаңдықпен ақпараттар легі оқырманның сана сүзгісінен өткенімен, журналистика саласындағы лонгридтің түрлі бағыттарға бөлініп, дами түскендігі дәлелдене түсті. Зерттеудің бірінші бағытында лонгрид ұғымының қоғамның әлеуметтік-мәдени функциясымен тікелей байланысты екендігі егжей-тегжейлі айтылды.

Лонгрид ұғымын зерттеу барысында, К. Джордан мен Р. Пакер медиа саласын зерттейтін төмендегі бес түрлі жүйені анықтады:

1. интеграция (ақпарат білдіру мен ұсынудың гибриді түріне технологиялар мен өнердің синтезі);
2. интерактивтілік (пайдаланушыға деректерге әсер етуді манипуляциялау және жүзеге асыру мүмкіндігін береді);
3. гипермедиялық (медиаасфераның әртүрлі фрагменттерін біртұтас етіп топтастыру);
4. иммерсивтілік (аудитория мен медиа арнаының өзара әрекеттесу сипаты);
5. нарративті (сюжеттік тұтастық түріндегі оқиғаны ұсынудың сызықтық емес түрі) (Vos, 2020:17).

Шетелдік БАҚ-та осы зерттеуде қарастырылған формат үшін қай терминді қолдану дұрыс екендігі туралы нақты анықтама жоқ. Сондай-ақ, «лонгрид» ұғымына байланысты ондаған атаулар қолданылады: interactive guide, interactive documentary, multimedia project, multimedia longread, digital package және т.б. Мультимедиалық лонгридтер тарихының анықтамалық нүктесі болып саналатын «The New York Times» басылымы «Қар көшкіні» (Snow Fall) атты жобаны жарияланғаннан кейін көптеген ғылыми және кәсіби орта өкілдері барлық мультимедиялық басылымдарды «сноуфоллдар» деп атай бастады. Тәжірибелі журналистердің бұл сұраққа өзіндік көзқарасы бар (Buzzelli, 2020:1514).

Белгілі журналист А. Галустянның айтуынша, жалғыз қолайлы термин – «мультимедиалық лонгрид» деген қорытындыға келеді. The Guardian компаниясының «отты дауыл» (Firestorm) жобасының дизайнын әзірлеуге қатысқан белгілі журналист және дизайнер Даан Лоутер интерактивті құжаттаманың ең қолайлы терминін қарастырады, дегенмен «The Guardian» редакциясында мультимедиалық лонгридтер «firestorm» деп аталады (Dunham, 2020:41).

Мультимедиалық лонгридтерді құрастыру барысында түрлі медиа құралдарының атқаратын функцияларын саралай отырып, оларды бірнеше негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Бұл топтар келесі элементтерді қамтиды: бейне құралдар, инфографикалық шешімдер, фотоматериалдар, анимациялық элементтер, дыбыстық компоненттер, иллюстрациялық көріністер, мәтінге негізделген элементтер, бағыттаушы құралдар және біріктірілген (синтетикалық) мультимедиа элементтері.

Анимацияға қатысты барлық визуалды қозғалыс эффектілері анимациялық элементтер тобына жатады. Графикалық, қозғалмайтын суреттер иллюстрациялық элементтерге жатады. Мәтіндік элементтер – бұл интерактивті құжаттар немесе гипермәтіндік құрылымдар арқылы ұсынылатын, визуалды ортада бейнеленген мәтін фрагменттері.

Синтетикалық элементтер – бұл бірден бірнеше ақпарат түрін қамтитын құрамдас мультимедиялық нысандар, мысалы, дыбыстық сүйемелдеуі бар слайд-шоулар, яғни аудио мен визуалдың үйлесімі.

Мультимедиялық лонгридтің құрылымдық мазмұнына келетін болсақ, ол бірнеше функционалды блоктардан тұрады:

Ақпараттық блок – бұл бөлімде көбіне бейнежазбалар, мәтіндік мультимедиялық құрылымдар және инфографика қолданылады.

Иммерсивтік (толық ену) блок – бейнематериалдар мен синтетикалық компоненттер негізінде құрылады және қолданушыны мазмұнға тереңірек тартуға бағытталған.

Иллюстрациялық блок – мұнда фотосуреттер, мәтіндік және бейне контенттер, сондай-ақ визуалды түсіндіру мақсатындағы инфографикалық материалдар қолданылады.

Навигациялық құрылым – бұл блокта тараулар арасында бағдар алу үшін экрандағы фотосуреттер, бейне үзінділер, анимациялық өткелдер мен арнайы бағыттаушы панельдер қамтылады.

Интерактивті бөлім – оқырманмен өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мәтіндік, фотоэлементтер, графикалар мен анимациялық шешімдер енгізіледі.

Лонгридтердің жеті негізгі түрі бар, олар бір-бірінен тақырыптарымен, форматымен және дизайн стилімен ерекшеленеді (Золотухин, 2015:93).

Репортаж

Автордың қандай да бір оқиға туралы егжей-тегжейлі баяндайтын материалы. Репортажда сарапшылардың пікірлері, оқиғалар орнындағы фотосуреттер мен бейнелер басты назарда болуы мүмкін. Көбінесе мұндай мазмұн бұқаралық ақпарат құралдарында кездеседі.

Реконструкция

Лонгридті реконструкция – автордың өткен оқиғаларды сипаттайтын талдамалық мақаласы. Тарихи контексті зерттей отырып, себеп-салдарлық байланыстарды шығарып, қазір болып жатқан оқиғаларға қандай оқиғалар әкелгенін көрсетуге болады.

Портрет

Мұндай лонгрид белгілі бір адамның өмірбаянын немесе өмір тарихын білдіреді. Әдетте мәтінде көптеген мәліметтер бар: сипатталған адамның мінезі, оның кәсіби жетістіктері, кейіпкердің мақсатқа жету жолындағы қиындықтары. Мұндай оқиғалар көрермен қауымның есінде қалады.

Мультимедиа

Бұл ақпарат берудің әртүрлі формаларын біріктіретін материал: мәтін, фото, бейнематериал, графика, анимация, аудио. Барлық мазмұн элементтері бір-бірін толықтырып қана қоймайды, сонымен қатар тақырыпты ашу үшін жұмыс істейтіндіктен өз алдына маңызды.

Коммерциялық лонгрид

Мұндай мақала өнімді немесе қызметті жылжытуға бағытталған. Көбінесе коммерциялық лонгридтер жергілікті жарнама ретінде жасырылады-бұл тауарлардың барлық түрлері, өнімдер мен қызметтерге шолулар, қораптан шығару. Материалдың басты мақсаты – әлеуетті клиенттерді тарту. Сонымен қатар, коммерциялық лонгрид тек жасырын жарнама емес. Мұндай материалдарда пайдалы ақпарат, зерттеулерге сілтемелер бар (Шпилёва, 2019:103).

Әдебиетке шолу

Бұл зерттеуде эмпирикалық базаны анықтау кезінде кездейсоқ іріктеу әдісі қолданылды. Со-

нымен қатар, аталмыш мақалаға мультимедиа-лық журналистика саласындағы келесі отандық және шетелдік зерттеушілер Дж.Стивенс, А. Галустян, А. А. Градюшко, А.Б. Алимжанованың еңбектері пайдаланылды:

Қазіргі заманғы медиа орта журналистердің ақпаратты ресімдеу және ұсыну мүмкіндіктерін едәуір кеңейтті. Ақпарат тасымалдаушылары да, оны қабылдау шарттары да өзгерді. Нәтижесінде журналистика теориясында біршама өзгерістер орын алуда. Атап айтқанда, зерттеуші ғалымдар қазіргі БАҚ-та жаңа тәсілдерді, әдістер мен құбылыстарды ұсынуға мүмкіндік беретін категориялық аппаратты белсенді түрде әзірлеуде. Соңғы жылдардағы теориялық зерттеулерді қарастырсақ, біз мультимедиалық сторителлинг, лонгрид терминдерін әр автор әртүрлі түсіндіріледі деген қорытындыға келдік. Мультимедиалық әңгімелеу және лонгрид сияқты ұғымдардың анықтамалары мен сипаттамаларында екіұдай пікір бар, сәйкесінше, теориялық еңбектерде бұл ұғымдар жан-жақты анықталады (Шевченко, 2018:86).

Сондай-ақ, теорияда әлі нақты жіктеу жоқ, бұл құбылыстарды қай категорияға жатқызу керектігі белгісіз. Әртүрлі авторлардың ғылыми зерттеулеріне, сондай-ақ журналистік тәжірибеге, оның ішінде мультимедиалық жобаларды сторителлинг форматында дайындаудың жеке тәжірибесін талдауға сүйене отырып, аталмыш мәселелер төңірегінде өз көзқарасымызды білдіруге және категориялық маңызы бар осы құбылыстар туралы түсінігімізді негіздеуге тырыстық.

Нәтижесінде лонгридтің танымалдылығы олардың әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында кең таралуына ықпал етті. Көптеген қызықты оқиғалар мен даулы мәселелер, тарихи ақпараттар мен құнды зерттеулер лонгрид тәсілі бойынша әзірленіп, көптеген басылымдарда қолданысқа ие болды.

Лонгрид сонымен қатар медиа трендтермен, жаңа медиамен айналысатын ғалымдар мен зерттеушілердің басты зерттеу нысанына айналды. Олардың еңбектерінде лонгрид концепциясының мәні, аталмыш тәсілдің кең таралу себептері мен даму тенденцияларына байланысты әртүрлі зерттеулер жүргізіліп, біршама пікірлер айтылды (Симакова, 2017:215).

LSI Longreads – бұл белгілі бір маңызы бар сұраулар үшін және LSI сөз тіркестерін енгізу арқылы жазылған кең көлемді сараптамалық мақала түрі. Мұндай мәтіндер қажетті ақпарат-

тарды аз уақытта табу үшін қолданылады. LSI – кілт түрі, (латенттік семантикалық индекстеу) «жасырын семантикалық индекстеу» деп аударылады. Бұл белгілі бір тақырыптағы құжаттың өзектілігін арттыратын қосымша әрі негізгі сұрауларды білдіреді. Мысалы, белгілі бір тақырып бойынша, негізгі сұрауларға байланысты көлемді мақала жазылады. Сәйкесінше, LSI жүйесі мақаланың тақырыбын ашатын қосымша ақпарат жинау үшін қосымша сөздердің барлық түрлерін пайдалануға үлкен мүмкіндік береді. Мұндай мақалалар оқырман тарапынан сұранысқа ие болады және негізгі сұраулардың кең ауқымы үшін іздеу нәтижелерінен пайдаланушылардың үлкен ағындарын жинайды. Қазіргі таңда бұл тақырып бойынша ірі зерттеулер жоқ, сондықтан мұның бәрі әзірге теориялық біліммен шектелуде. Бірақ, егер біз өз тәжірибемізді жинақтап, басқа мамандардың тәжірибесіне сүйенетін болсақ, мұндай мәтіндердің қарапайым мақалаларға қарағанда табысқа жету мүмкіндігі жоғары деңгейде болатынын болжауымызға болады. LSI Longreads үшін кәдімгі SEO мәтіндері сияқты белгілі бір талаптар бар екенін атап өткен жөн (Смирнова, 2015:218).

Біріншіден, лонгридтің стихиялы дамуы және оларды күнделікті медиа тәжірибесіне белсенді түрде енгізу, тиісінше, олардың мазмұнын, құрылымын және құраушы элементтерін уақтылы теориялық негіздеуді талап етеді.

Екіншіден, лонгридтің өзектілігі сандық технологиялар әсерінен жанрлық жүйенің түрленуімен және журналистік материалдың мультимедиалық (гибридтік) формаларының пайда болуымен анықталады (Беков, 2020:56).

Сонау 1970-1980 жылдары зерттеушілер технологиялық прогрестің нәтижесі болып саналатын және дәстүрлі журналистік жанрлардан бөлек, жаңа мультимедиалық жанрлардың пайда болуына негіз болған медиадағы конвергенция жүйесі туралы пікір қалыптастыра бастады (Кенжебаева, 2022:77).

Интернетте ақпаратты ұсыну формалары (олардың ішінде лонгрид бар) басты зерттеу нысанына айналды. Мұндай публицистикалық шығармалардың ерекшелігі – олар әртүрлі пішінде берілген ақпаратты жүйелі түрде біріктіреді.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Лонгрид» термині айналымға сәл кештеу енгенімен, шын мәнісінде, аталмыш ұғымның даму тарихы бастауын ертерек ғасырлардан ала-

ды. Мәселен, көптеген зерттеушілердің пікірінше, әлемдегі алғашқы лонгрид мәтіндер 1609 жылы Германияда шыққан Avisa газетінде болды. Неміс тілінде шыққан және осы уақытқа дейін сақталған «Avisa Relation Oder Zeitung» деген ұзақ атауы бар Avisa үлгілерінің басып шығару техникасын, саяси мазмұнын және діни мотивтерін зерттей отырып, газет Германияның солтүстігіндегі Бремен қаласында басылғаны анықталды. Еуропадағы ұқсас газеттер Жапонияда да табылды. Олар «Кавара Бан» деп аталды. Олар әдетте бір оқиға туралы хабарлады және дүкендер алдында сатылды. Еуропада банкирлер коммерциялық қызметті жариялау мақсатында ақпараттық хаттар мен газеттерді кеңінен қолданды. Медичи мен Ротшильд сияқты құрметті отбасылар бұл материалды жиі қарым-қатынас жасау үшін пайдаланды.

Жаңалықтар хаттарын шығарғандар «ну-валлантен», «интеллигенция», «мананти», «газаттанти», «корриери» деп аталды. Журналистиканың дамуын анықтаған екі негізгі оқиға: АҚШ-тың Тәуелсіздік соғысы. Американдық Тәуелсіздік декларациясы мен адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы баспасөз бостандығы ой бостандығының негізі болып табылады деген мәлімдемені қамтыды.

Лонгрид – БАҚ-қа ақпаратты ұсынудың ең танымал әдістерінің бірі, ол ешқашан өзгеруді тоқтатпайды және пайдаланған кезде жаңа мүмкіндіктер береді. Бұл әртүрлі байланыс арналарына, соның ішінде қоғамдық байланыс пен бұқаралық ақпарат құралдарына тікелей әсер етеді.

Мультимедиялық жоба немесе ұзақ оқу – бұл ақпаратты ұсынудың жаңа әдісі, сондықтан тәжірибелі журналистердің заманауи зерттеулері мен ұсыныстары бұл құбылыстың теориялық түсінігін қалыптастыратын тұжырымдамалық аппаратты дамыта қойған жоқ.

Біздің зерттеуіміз ұзақ оқуды зерттеудің бар теориялық негізін зерттейді және терминдер мен ұғымдарды түсіну және ретке келтіру мәселесін қояды. Сонымен, қазіргі журналистика теориясында жанр, әдіс және формат араласып, журналистік шығармашылықтың өзі технологияландыру ықпалының күшеюін бастан кешіруде. Бүгінде медиа-кеңістік сенімді түрде конвергентті деп аталады. Журналистикадағы конвергенция – ұйымдық құрылымы жағынан да, өзара байланысты, шоғырландырылған ақпаратты беру технологиясы тұрғысынан да табиғаты бойынша әр түрлі БАҚ-тардың жақындасуы, бірі-

гуі. Қазіргі журналистік конвергентті тәжірибе аясында журналист пен аудитория арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа технологияларының бірі – лонгред.

Longread – Аудио, бейне, фото, гипермәтіндік және интерактивті компоненттерді біріктіретін материал дайындау – қазіргі заманғы конвергентті журналистиканың ерекшеленетін тәсілдерінің бірі болып табылады. Мұндай әдіс мультимедиялық баяндаудың құрылымын жасауға жағдай туғызады. Яғни, бұл тәсіл арқылы мәтін, фотосуреттер, бейнежазбалар, дыбыстық фрагменттер, графикалық элементтер мен интерактивті құралдардың жиынтығы біріктіріліп, біртұтас сюжет желісін құрайды.

Мұндай материалдар желіде дәстүрлі хронологиялық жүйеден ерекшеленіп, бейсызық форматта беріледі. Бұл тәсілде ақпарат элементтері бірізді емес түрде, яғни оқырман сюжеттік компоненттермен өзіне ыңғайлы ретпен таныса алатын динамикалық құрылымда орналастырылады. Соның нәтижесінде пайдаланушы медиамазмұнды еркін зерттей отырып, оқиғаның құрылымын өзінше қабылдай алады.

Мультимедиялық ұзақ оқу міндетті түрде дәстүрлі әңгімелеу элементтерін қамтиды. Бұдан шығатыны, нарратологияның негізгі қағидалары ұзақ оқуға да қатысты және журналистикадағы ақпаратты берудің дәстүрлі әдістерімен байланысы айқын.

Француз революциясы журналистикаға революциялық инновациялар әкелген өнеркәсіптік революция болды. Уақыт пен кеңістікте шамадан тыс болу мүмкіндігі; ақпарат жинау әдістері, басып шығару, тарату әдістері, баспа қызметі және т. б. мәселелер төңірегінде қызмет атқарған аталмыш басылымдар ұзақ мәтінді ақпараттарды басып, шығарып отырды.

Саясатқа қатысу арқылы журналистік практика мәртебе мен билікке ие болды. 1828 жылы британдық тарихшы Маколей Парламенттегі журналистер ложасын өз елінің «төртінші күші» деп атады. Бұл күндері кейбір адамдар бұқаралық ақпарат құралдары бірінші күшке айналды дейді. Олардың айтуынша, егер журналистер Парламенттен бас тартса, онда парламент жұмыс істемейді. Сәйкесінше, басқа мекемелер де. Радио мен теледидардың журналистік тәжірибеге әсері газеттердің әсерінен біршама ерекшеленеді. Газеттерден айырмашылығы, радио Еуропа тоталитарлық дәуірдің табалдырығында тұрған кезде дүниеге келді және техникалық себептермен мемлекет лицензиялаған олигополия ретін-

де өсті. Жиырмадан астам мемлекет сонымен бірге ХХІ ғасырда пайда болған теледидардың дамуына лицензиялау арқылы араласты.

Таблоидтық журналистика – бұл газеттер танымал болған кезде пайда болған және журналистік практиканың барлық салаларына көбірек таралатын тәсіл. Таблоидтық газет қарапайым газеттен екі есе аз. The Sun, The Daily Mail, The Daily Express, таблоидтық журналистикаға заманауи мән берген, бастапқыда әдеттегі форматта шыққан. Жетпісінші жылдардың басынан бастап олардың барлығы таблоидтық газеттерге айналды. 1969 жылы The Sun сатып алған Руперт Мердок өз қызметкерлеріне жарыстарда газет салуды бұйырды. Үшінші беттің сұлулығы да газеттің белгілерінің бірі болды. Ең ұмытылмас таблоидтық газеттердің бірі – «Ұлттық Инкуирер». Кісі өлтіру оқиғаларына назар аудара отырып, газет супермаркет кассаларында сату техникасы бойынша рекордтарды жаңартты. Элвис Пресли қайтыс болғанда, оның денесі бейнеленген альбомның шамамен 7 миллион данасы сатылды, бұл рекорд әлі күнге дейін бұзылмаған. Бұл тираж осы уақытқа дейін кең таралмаған.

Таблоидтық газеттердегі жалған әңгімелер фактілермен байланысты болған кезде үйлесімін табады. Мысалы, «Кеннеди әлі тірі», «Гитлер Америкада тірі көрінді» сияқты оқырманның назарын бірден тартатын тақыптар қойылды. Таблоидтық газеттер бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың аудиториясы арасындағы сенімді қарым-қатынасты бұзуда маңызды рөл атқарды. Этикалық сыбайлас жемқорлық әлемдегі ең күрметті газеттерге де әсер етті. Әлемдік медиа алпауыттардың бірі Уильям Рандольф Херст 1898 жылы желтоқсанда Куба мәселесіне байланысты Америка Құрама Штаттары мен Испания арасындағы соғысты бастауға тырысты деп айтылады.

Американдық әскери кеме Кубаның Гавана портына батып бара жатқанда, Херст репортерлар мен суретшілер армиясын сол жерде болып жатқан оқиғаларды баяндауға жіберді. Ол Испания кемеңі суға батырды және нәтижесінде соғыс басталғанын қалады деп мәлімдеді. Шын мәнісінде, оқиға олай өрбімеді. Суретші ешқандай оқиға болмаған соң, кері қайтатынын айтты. Алайда, Херсттің оған берген жауабы тарихқа үлкен әріптермен енді: «Өтінемін, сол жерде қалыңыз, сіз маған фотосуреттер бересіз, мен сізге шайқас беремін».

Тарих сахнасына көз жүгіртіп, ең алғашқы лонгридтердің мысалдарымен таныс болдық. Шын мәнісінде, лонгридтерді қарапайым, ұзын

мәтіндерден тұратын ауқымды мақалалар ретінде қарастыруға болмайды. Бұл жанрдың бірқатар ішкі заңдылықтары оны басқа жанрлардан ерекшелендіреді. Лонгридте әр мәтін бір – бірімен арнайы графикалық немесе мультимедиялық элементтер арқылы байланысады. Мәтінде 6000-нан 10000 таңбаға дейін болуы мүмкін. Ішкі режим-лонгридтерге орналастырылған инфографика, бейне байланыстар оның логикалық жалғасы. Сонымен қатар, мән мен логиканың бірлігі – лонгридтердегі басты назар осы мәнді нақты тұжырымдауға және авторлық позицияны қолдауға бағытталған. Бұл жанрдың этимологиясы эссе, журналистік сұраулар, репортаж сияқты шығармалардың мысалдарынан тұрады. Белгілі ғалымдардың зерттеулері бойынша, мәтін көлемі 1,5 – 3 мың сөзден аспауы керек. Бұл жанрды жасаушылар мұны Ғаламдық желідегі бар ақпарат ағынынан ажырату ниетімен түсіндіреді. Себебі, әртүрлі сайттарда бірнеше рет жарияланғаннан кейін тез таралатын жаңалық өзінің бірегейлігін жоғалтады және көпшіліктің назарын аудармайды. Бірақ мазмұны әр түрлі, күрделі ішкі құрылымы бар лонгрид оқырманы назардан тыс қалмайтыны анық. Жанрлық талаптарға сәйкес, лонгрид форматы мазмұндық тұрғыдан төрт негізгі құрамдас бөліктен тұрады.

Бірінші компонент – түсіндіру – бұл бөлімде оқиға жан-жақты сипатталып, егжей-тегжейлі баяндалады. Сонымен қатар, оқырманның қызығушылығын жоғалтпауы үшін автор мазмұнды ерекше тәсілдер арқылы түрлендіріп, тың идеялармен толықтырып отырады.

Екінші элемент – сипаттама, мұнда автор нақты жағдайды сипаттай отырып, оқиғаға байланысты баламалы көзқарастар мен ұсыныстарды ортаға салады. Бұл бөлім көбіне оқырманның ой өрісін кеңейтуге және мәселені әр қырынан қарастыруға бағытталған.

Үшінші құрамдас – қорытынды – материалды логикалық тұрғыдан аяқтап, деректер мен фактілерді түйіндейді. Бұл бөлім оқырманға негізгі идеяны шоғырландырып, материалдан түйетін ойды анық түсінуге мүмкіндік береді. Көптеген лонгридтер құрылымдық жағынан бейнематериалдармен, фотосуреттермен, сондай-ақ мазмұнды визуалды түрде жеткізетін инфографикамен толықтырылады. Мұндай материалдар көлемдік жағынан да ерекшеленіп, орта есеппен екі мыңнан төрт мың сөзге дейінгі мәтіндік мазмұнды қамтиды.

Кез келген ұзақ мәтінді әңгімелер бірнеше бағдарламаларды, фотоларды, бейне жанрларды

біріктіреді. Журналисті қосқанда 5-тен 30-ға дейін адам куә бола алады. Әрбір куәгер орта есеппен 500-600 сөз ақпарат бере алады.

Ғалымдардың пікірінше, лонгрид медиа саласындағы жаңару кезеңі болып саналады. Бұл жанр медиа кеңістікте өзіндік ерекшелігімен дараланады. Сондай-ақ, қолданбалар мен цифрлық технологиялармен байытылған жаңа форматтағы лонгридтер жыл санап танымал болып келеді. 2011-2022 жылдары сайттарда жарияланған Ресей, АҚШ және еуропа елдерінің ең танымал лонгрид жанрларының мысалдарын талдауға сәйкес, ол сөздердің жалпы көлеміне, тақырыптың сипаттамасына, ақпарат көзіне, сюжеттегі шындыққа, мысалдарға, сюжеттік нормаларға көбірек көңіл бөледі. Ең танымал ірі жобаларда әртүрлі мультимедиялық деректерді пайдалану басым. Лонгридтерді құру технологиясы бүгінгі таңда бірқатар онлайн басылымдар (мысалы, The Times) Twitter және Pinterest әлеуметтік медиа журналистерінің мазмұнын әртүрлі бағыттардағы лонгридтермен байытады. Мұның себебі неде? Интернеттегі көптеген түрлер мен бағыттар олардың қысқа болуымен, сондай-ақ түсінікті мультимедиялық элементтермен танымал. Мұндай жанрлардың ішінде лонгрид нақты мақаланың, эссенің репортаждың, оның құрылымы бойынша нақты автордың пікірін жеткізеді.

Қысқа хабарламаларға деген қажеттілік артқан сайын студенттердің егжей-тегжейлі шығармашылық мысалдарға деген қызығушылығы да артып келеді. Мысалы, британдық Daily Telegraph компаниясының Кенкомен бірлескен жобасын алайық. Жоба Гондурас кофе индустриясындағы шағын бизнеске жастарды тартуға бағытталған. «Кофе индустриясы» деп аталатын бұл лонгрид бірнеше рет және басқа сайттарда жарияланды. Бұл жанрды құрудың кезеңдері қандай деген сауалға келесідей жауап берсек болады.

Қорытынды

Әрбір журналистік ресурс құрылғанға және жарияланғанға дейін бірнеше процестерді қамтиды. Осыған қатысты лонгридтерді құрудың кейбір ерекшеліктері бар.

Олар келесі ретпен орындалады:

1. Алдымен автор немесе жоба тобы нақты бір идеяға сүйенеді немесе белгілі бір жанрлық бағытты таңдап алады, содан кейін сол тақырыпқа сәйкес келетін ақпарат көздерін іздеуге

кіріседі. Бұл кезеңде зерттеу нысанына байланысты сенімді дереккөздер мен фактілерді жинау маңызды болып табылады.

2. Лонгрид форматындағы жобаларды жасау – бүгінгі медиапрактикада кеңінен таралған үрдістердің бірі. Интернетте жарияланған лонгридтердің шамамен 80%-ы нақты жобалар мен медиа құрылымдардың аясында жүзеге асырылады. Мысал ретінде The New York Times, The Guardian сияқты халықаралық беделді басылымдардағы лонгридтерді әзірлеу жобаларын атауға болады. Бұл материалдар, әдетте, күрделі тақырыптарды жан-жақты зерттеуге және көпқырлы баяндауға бағытталған.

3. Жобалық жұмыстың маңызды кезеңдерінің бірі – кәсіби мамандардан тұратын топты жинақтау және олардың арасында міндеттерді тиімді түрде бөлу. Әдетте мұндай жобалар ірі медиа ұйымдар тарапынан ұйымдастырылады және оларда әртүрлі мамандық иелері бірігіп жұмыс істейді. Команда құрамына журналистер, графикалық дизайнерлер, фотографтар, деректерді жинау және мақалалар жазу бойынша редакторлар кіруі мүмкін. Команданың саны мен құрамы жоба тақырыбы мен форматына байланысты анықталады. Егер жобада мультимедиялық контент (мысалы, видео, анимация, аудио) қолданылса, онда веб-редактор немесе техникалық сарапшының қатысуы аса маңызды.

4. Келесі кезең – жобалық жұмыстың құрылымын анықтайтын егжей-тегжейлі жоспар құру. Бұл жоспар лонгридті іске асырудың барлық кезеңдерін қамтуы тиіс: дайындық жұмыстары, мазмұнды жинау, техникалық өңдеу, және жариялау алдындағы тестілеу. Жоспарлау барысында команданың алдағы уақытта кездесуі мүмкін қиындықтарды алдын ала болжауы және оларды шешу жолдарын қарастыруы өте маңызды. Бұл тәсіл жоба сапасын арттырып қана қоймай, уақыт пен ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

5. Деректерді жинау. Ол жоба үшін әртүрлі мазмұннан деректерді жинауды, жіктеуді, сұрыптауды және зерттеуді қамтиды. Егер бұл лонгридте әртүрлі фото және бейне элементтер қолданылса, осы мультимедиялық элементтерді алдын-ала дайындау қажет;

6. Бағдарламалық жасақтама. Интернетте мыңға жуық әртүрлі онлайн құралдар мен платформалар бар, олар әртүрлі онлайн лонгрид жасау құралдарының жиынтығын ұсынады. Олардың әрқайсысы табиғаты мен қызметіне байланысты әртүрлі әрекет етеді.

7. Кейбір сайттар іске қосу қызметтерін ақысыз ұсынса, басқа мазмұн тобын пайдалану үшін қаражат қажет;

8. Дизайн және беттеу. Дизайнды жүзеге асыру кезінде мамандардың пікіріне сенуге немесе арнайы шаблондарды қолдануға мүмкіндік беретін сайттардың қызметтерін қолданған жөн. Бүгінгі таңда интернет-бақылаушылар ақпаратқа өте қатал және талапшыл. Осылайша, дизайның бірегейлігі жобаның сәттілігін қамтамасыз етеді;

9. Жарнама. Әдетте, жасалған әрбір медиа жоба белгілі бір медиа түріне арналған. Немесе керісінше, ол тасымалдаушының тапсырысына сәйкес жасалады. Сіз әлеуметтік медиа қызметін (Facebook) пайдалана аласыз немесе ақылы мазмұнды танымал ете аласыз. Жоғарыда аталған процестердің көпшілігі ұзақ мерзімді лонгридтер жасау технологиясымен байланысты. Біртіндеп орындалатын дұрыс әрекеттің соңында танымал лонгрид жанрының авторлық туындысын жасауға болады.

Әдебиеттер

- Appelgren, E. (2020). Remaining in control with an illusion of interactivity: The paternalistic side of data journalism // *Journalism Research in Practice*. – Routledge. – C. 71-75.
- Беков, А., Мысаева К. (2020). Лонгрид–журналистикадағы замануи құбылыс: жаңа жанр әлдетің формат? // *Серия Журналистики*. – Т. 56. – №. 2. – С. 133-141.
- Buzzelli N. R. et al. (2020). Poaching the News Producers: The Athletic’s Effect on Sports in Hometown Newspapers // *Journalism Studies*. – Т. 21. – №. 11. – C. 1514-1530.
- Costera, Meijer I. (2022). What is valuable journalism? Three key experiences and their challenges for journalism scholars and practitioners // *Digital journalism*. – Т. 10. – №. 2. – C. 230-252.
- Craig, G. (2020). Reclaiming slowness in journalism: Critique, complexity and difference // *Slow journalism*. – Routledge – C. 23-37.
- Dunham, R. S., Dunham, R. S. (2020). Best Practices in Multimedia Journalism // *Multimedia Reporting: How Digital Tools Can Improve Journalism Storytelling*. – C. 41-55.
- Dowling, D. (2020). The business of slow journalism: Deep storytelling’s alternative economies // *Slow Journalism*. – Routledge. – C. 246-262.
- Золотухин, А. А., Мажарина Ю. Н. (2015). Лонгрид, сноуфолл, мультимедийная история-как новые вершины журнализма? // *Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Филология. Журналистика*. – №. 2. – С. 93-96.
- Кенжебаева, Ж. Е., Карпова А. Э. (2022). Культурогический подход в казахстанском литературном образовании // *Keruen*. – Т. 77. – №. 4. – С. 120-136.
- Midberry, J., Dahmen, N. S. (2020). Visual solutions journalism: A theoretical framework // *Journalism Practice*. – Т. 14. – №. 10. – C. 1159-1178.
- Симакова, С. И., Исакова Т. Б. (2017). Мультимедийный лонгрид в самостоятельной работе студентов-журналистов // *Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева*. – Т. 2. – №. 3. – С. 255-268.
- Смирнова, Н. В. (2018). Мультимедийная история и лонгрид: к вопросу о соотношении понятий // *Журналистика в 2017 году: творчество, профессия, индустрия*. – С. 215-216.
- Harcup, T. (2021) Slow journalism as ethical journalism? // *The Routledge Companion to Journalism Ethics*. – Routledge. – C. 77-84.
- Wenzel, A., Nelson, J. L. (2020). Introduction “engaged” journalism: Studying the news industry’s changing relationship with the public // *Journalism Practice*. – Т. 14. – №. 5. – C. 515-517.
- Vos, T. P., Moore, J. (2020). Building the journalistic paradigm: Beyond paradigm repair // *Journalism*. – Т. 21. – №. 1. – C. 17-33.
- Шпилёва, Д. В. (2019). Лонгрид как актуальный журналистский метод подачи информации // *Медиасреда*. – №. 1. – С. 103-107.
- Шевченко, Л. Н. (2018). Лонгрид как нарративный текст // *Лингвистические исследования и их использование в практике преподавания русского и иностранных языков*. – С. 86-91.

References

- Appelgren, E. (2020). Remaining in control with an illusion of interactivity: The paternalistic side of data journalism // *Journalism Research in Practice*. – Routledge. – C. 71-75.
- Bekov, A., Mysaeva K. (2020) Longrid–jurnalisticadağy zamanui qūbylyc: jaña janrāldetyñ format? [Longrid–journalisticadagi zamanui kubylyc: zhana genre aldetyn format? Journalism Series] – Vol. 56. – No. 2. – pp. 133-141) [In Kazakh].
- Buzzelli N. R. et al. (2020). Poaching the News Producers: The Athletic’s Effect on Sports in Hometown Newspapers // *Journalism Studies*. – Т. 21. – №. 11. – C. 1514-1530.
- Costera, Meijer I. (2022). What is valuable journalism? Three key experiences and their challenges for journalism scholars and practitioners // *Digital journalism*. – Т. 10. – №. 2. – C. 230-252.

- Craig, G. (2020). Reclaiming slowness in journalism: Critique, complexity and difference //Slow journalism. – Routledge – C. 23-37.
- Dunham, R. S., Dunham, R. S. (2020). Best Practices in Multimedia Journalism //Multimedia Reporting: How Digital Tools Can Improve Journalism Storytelling. – C. 41-55.
- Dowling, D. (2020). The business of slow journalism: Deep storytelling's alternative economies //Slow Journalism. – Routledge. – C. 246-262.
- Kenzhebayeva, Zh. E., Karpova, A. E. (2022). Külturologicheski podhod v kazhstanskoy literaturnoy obrazovanii [Culturological Approach in Kazakhstan Literary Education //Keruen] – Vol. 77. – No. 4. – pp. 120-136) [In Kazakh].
- Midberry, J., Dahmen, N. S. (2020). Visual solutions journalism: A theoretical framework //Journalism Practice. – T. 14. – № 10. – C. 1159-1178.
- Harcup, T. (2021) Slow journalism as ethical journalism? //The Routledge Companion to Journalism Ethics. – Routledge. – C. 77-84.
- Shpileva, D. V. (2019). Longrid as an actual journalistic method of presenting information [Longrid kak aktualnyi jurnalistiski metod podachi informatsii//Media environment] – No. 1. – pp. 103-107) [In Russian].
- Shevchenko, L. N. (2018). Longrid kak narrativnyi tekst //Lingvisticheskie issledovaniya i ikh ispolzovanie v praktike prepodavaniya russkogo i inostrannykh yazykov [Longrid as narrative text //Linguistic research and its use in the practice of teaching Russian and foreign languages] – pp. 86-91) [In Russian].
- Simakova, S. I., Isakova, T. B. (2017). Multimedynilongrid v samostoiatelnoi rabotestudentov-jurnalistov[Multimedia longrid in the independent work of students-journalists //Bulletin of the Volga State University. VN Tatishcheva] – Vol. 2. – No. 3. – pp. 255-268) [In Russian].
- Smirnova, N. V. (2018). Multimedinaia istoria i longrid: k voprosu o sootnosheni i ponati [Multimedia history and longrid: on the question of the correlation of concepts //Journalism in 2017: creativity, profession, industry] – pp. 215-216) [In Russian].
- Zolotukhin, A. A., Mazharina Yu. N. (2015). Longrid, snoufall, multimedinaia istoria-kak novye versiny jurnalizma?[Longrid, snowfall, multimedia history -how are the new peaks of journalism? //Bulletin of the Voronezh State University. Series: Philology. Journalism]. – No. 2. – pp. 93-96) [In Russian].
- Kenzhebayeva, Zh. E., Karpova, A. E. (2022). Külturologicheski podhod v kazhstanskoy literaturnoy obrazovanii [Culturological Approach in Kazakhstan Literary Education //Keruen] – Vol. 77. – No. 4. – pp. 120-136) [In Kazakh].
- Vos, T. P., Moore, J. (2020). Building the journalistic paradigm: Beyond paradigm repair //Journalism. – T. 21. – №. 1. – C. 17-33.
- Wenzel, A., Nelson, J. L. (2020). Introduction “engaged” journalism: Studying the news industry’s changing relationship with the public //Journalism Practice. – T. 14. – №. 5. – C. 515-517.

Авторлар туралы мәлімет:

Құрманбаева Алмагуль Алиевна – филология ғылымдарының кандидаты, «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры. «Туран» университеті (Алматы қ., Қазақстан, эл. почтасы: alma_kurmanbaeva@mail.ru);

Жаппар Қарлығаш Зинилабидиновна – филология ғылымдарының кандидаты, «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан, эл. почта: zhappar.karlygash@mail.ru);

Алдабергенқызы Ляйля – «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің филология магистрі, Сампаев көшесі 16а, 050013, Алматы, Қазақстан (Алматы қ., Қазақстан, эл. почта: l.aldabergenkyzy@turanaedu.kz).

Information about authors:

Almagul Kurmanbayeva – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at the Higher School of Media and Intercultural Communication, Turan University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru);

Karlygash Zhappar – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at the Higher School of Media and Intercultural Communication (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhappar.karlygash@mail.ru);

Lailya Aldabergenkyzy – Master of Philology, Higher School of Media and Intercultural Communication (Almaty, Kazakhstan, e-mail: l.aldabergenkyzy@turanaedu.kz).

Сведения об авторах:

Құрманбаева Алмагуль Алиевна – кандидат филологических наук, доцент Высшей школы медиа и межкультурной коммуникации, Университет «Туран» (Алматы, Казахстан, e-mail: alma_kurmanbaeva@mail.ru);

Жаппар Қарлығаш Зинилабидиновна – кандидат филологических наук, доцент Высшей школы медиа и межкультурной коммуникации, Университет «Туран» (Алматы, Казахстан, e-mail: zhappar.karlygash@mail.ru);

Алдабергенқызы Ляйля – магистр филологии, Высшая школа медиа и межкультурной коммуникации, Университет «Туран» (Алматы, Казахстан e-mail: l.aldabergenkyzy@turanaedu.kz).

Келін түсті: 8 мамыр 2025 жыл

Қабылданды: 7 тамыз 2025 жыл

FTAMP 19.51.51

<https://doi.org/10.26577/HJ20257733>

Б. Каримова^{1*}, **Р. Садықова²**, **Б. Шойбек³**,
Ж. Әбікенова⁴, **Г. Тулекова⁵**

¹Т. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған

²М. Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті, Алматы, Қазақстан

³Қ. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, Алматы, Қазақстан

⁴Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

⁵Тұран университеті, Медиа және мәдени қарым-қатынас Жоғары мектебі, Алматы, Қазақстан

*e-mail: karimova.bj@gmail.com

БАҚ-ТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ІТ СТАРТАП ЖОБАЛАР: ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ИНДУСТРИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда Қазақстанда ІТ стартап жобаларды дамыту мемлекеттік тұрғыда басым бағыттардың бірі ретінде қолға алынып отыр. Мақалада стартап жобалар туралы түсінік және оның қоғамдағы ел имиджін қалыптастыру кезеңдеріндегі БАҚ-тың рөлі зерттеледі.

Еліміздің инновациялық даму жағдайында БАҚ жарияланымдарында Startup жобалар туралы идеялар жиі көрініс таба бастады. «Стартап» термині жаңадан пайда болған бизнес жобалар мен венчурлық индустрия саласының қарқынды дамуының әсерінен кәсіпкерліктің ерекше түрі ретінде пайда болды. Ал «стартап» түсінігі өндіріске ең алғаш 1970 жылы АҚШ-та енгізілді.

Қазіргі таңда бизнес идеяларды іске асыру Қазақстанның инвестициялық құрылымын дамыту үшін қолданыс тауып келеді. Мемлекет бұған дейін «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бойынша жаһандандудың ішкі-сыртқы ықпалына жұтылып кетпедің алдын алып отырды. Сондықтан қазіргі таңда бизнес-кластерлерді дайындау үшін халықаралық стандарттарға сәйкес стартаптардың экожүйесін құру маңызды болып отыр.

Зерттеу мақаланың мақсаты – БАҚ-тағы кәсіпкерлікті дамытуға қажетті заманауи тенденциялар мен халықаралық ІТ жобаларды талдай отырып, оны еліміздің стратегиялық басты қадамдары негізінде жан-жақты қарастыру.

Мақалада инновациялық стартап жобалар туралы жарыққа шыққан отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми-теориялық еңбектері мен БАҚ жарияланымдарына ерекше назар аударылып, оның қоғамдағы маңызы көрсетіледі. Сондай-ақ зерттеуде «Қоғам және дәуір», «Түркістан», «Егемен Қазақстан», «Заң» т.б. тақырыпқа қатысты ғылыми-публицистикалық мақалалар жарияланған газет-журналдар қолданыс табады.

Зерттеу жұмысы ғылыми-теориялық тұрғыда талдау, БАҚ жарияланымдарын жүйелеу, салыстыру, теориялық-эмпирикалық және интерпретациялау әдіс-тәсілдеріне негізделеді.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде қазақстандық БАҚ-тағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың инновациялық басты стратегиялық қадамдары көрсетіліп, оны ІТ стартаптар негізінде халықаралық дәрежеге дейін көтерудің еліміз үшін маңыздылығы айқындалды.

Мақаланың ғылыми құндылығы БАҚ-тағы қазақстандық ІТ стартап жобалардың инновациялық кәсіпкерлік пен заманауи индустрия тұрғысында теориялық-тәжірибелік бағытта жан-жақты қарастырудан көрініс табады.

Түйін сөздер: БАҚ, ІТ стартап, инновация, кәсіпкерлік, жоба, индустрия, Astana Hub.

B. Karimova^{1*}, R. Sadykova², B. Shoibek³,
Zh. Abikenova⁴, G. Tulekova⁵

¹Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

²ALT University named after Mukhamedzhan Tynyshpaev, Almaty, Kazakhstan

³University of International Business (UIB), Almaty, Kazakhstan

⁴Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

⁵University Turan. Higher School of Media and Communication, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: karimova.bj@gmail.com

Kazakhstan IT Startup Projects in the Media: Innovative Entrepreneurship and Problems of Modern Industry

Currently, the development of IT startups in Kazakhstan is one of the priority areas of state policy. The article defines the concept of startup projects and the role of the media in shaping public opinion on this issue.

In the context of country's innovative development, ideas about startup projects have become more common in the media. "Startup" appeared as a special type of entrepreneurship as a result of the rapid development of new business projects and the venture industry. The concept "startup" was first introduced into circulation in the United States in 1970.

Currently, the implementation of business ideas is supported in the framework of the development of the investment structure of Kazakhstan. The country has implemented the program "Nation Plan – 100 specific steps to implement five institutional reforms", trying to reduce the internal and external impact of globalization. Therefore, at present, it is important to create an ecosystem of startups in accordance with international standards for the preparation of business clusters.

The goal of the article is to analyze modern trends in international IT projects in the development of entrepreneurship, reflected on the pages of the domestic media.

The article pays special attention to the scientific and theoretical works of domestic and foreign researchers and publications in the media on innovative startup projects, determining their significance in society. The materials of the below mentioned newspapers and magazines were studied: "Kogam zhane dauir", "Turkistan", "Egemen Kazakhstan", "Zan" and others that contain scientific and journalistic articles on this topic.

The research work is based on scientific and theoretical analysis, monitoring of media publications, comparison, theoretical, empirical and interpretative methods.

The study analyzed how Kazakhstani media cover innovative strategies for developing small and medium-sized businesses, particularly their growth through IT startups toward the international level.

The scientific value of the article is the theoretical and practical study of Kazakhstani IT startup projects within the framework of innovative entrepreneurship on the pages of the media.

Keywords: media, IT startup, innovation, entrepreneurship, project, industry, Astana Hub.

Б. Каримова^{1*}, Р. Садыкова², Б. Шойбек³,
Ж. Абикенова⁴, Г. Тулекова⁵

¹Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

²ALT Университет имени Мухамеджана Тынышпаева, Алматы, Казахстан

³Университет международного бизнеса им. К. Сагадиева, Алматы, Казахстан

⁴Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

⁵Университет «Туран», Высшая школа медиа и коммуникации, Алматы, Казахстан

*e-mail: karimova.bj@gmail.com

Казахстанские IT стартап-проекты в СМИ: инновационное предпринимательство и проблемы современной индустрии

В настоящее время развитие IT-стартапов в Казахстане является одним из приоритетных направлений государственной политики. В статье определяются понятие стартап-проектов и роль СМИ в формировании общественного мнения по данному вопросу.

В условиях инновационного развития страны в СМИ стали чаще встречаться идеи стартап-проектов. Стартап появился как особый вид предпринимательства в результате бурного развития новых бизнес-проектов и отрасли венчурной индустрии. Понятие «стартап» впервые было введено в оборот в США в 1970 году.

В настоящее время реализация бизнес-идей находит поддержку в рамках развития инвестиционной структуры Казахстана. Государство реализовало программу «План нации – 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ», пытаясь снизить внутреннее и внешнее влияние глобализации. Поэтому в настоящее время для подготовки бизнес-кластеров важно создать экосистему стартапов в соответствии с международными стандартами.

Цель статьи – проанализировать современные тенденции международных IT-проектов в развитии предпринимательства, отраженные на страницах СМИ.

Особое внимание в статье уделено научно-теоретическим работам отечественных и зарубежных исследователей и публикациям в СМИ об инновационных стартап-проектах, определяется их значение в обществе. Изучены материалы газет и журналов: «Қоғам және дәуір», «Түркістан», «Егемен Қазақстан», «Заң» и др., которые содержат научно-публицистические статьи по данной теме.

Исследовательская работа базируется на научно-теоретическом анализе, мониторинге публикаций СМИ, сравнении, теоретико-эмпирическом и интерпретационном методах.

В результате исследования проанализировано освещение в казахстанских СМИ инновационных стратегических шагов развития малого и среднего предпринимательства, их рост на основе IT-стартапов до международного уровня.

Научную ценность статьи представляет теоретико-практическое исследование казахстанских IT стартап-проектов в рамках инновационного предпринимательства на страницах СМИ.

Ключевые слова: СМИ, IT-стартап, инновации, предпринимательство, проект, индустрия, Astana Hub.

Кіріспе

Қазіргі инновациялық даму дәуіріндегі БАҚ жарияланымдарында стартап жобалар туралы идеялар жиі айтыла бастады. Жаңадан пайда болған бизнес жобалар мен жаңа құбылыстар кәсіпкерліктің ерекше түрін «стартап» терминімен алмастырды. «Стартап» термині ең алғаш АҚШ-та 1970 жылдары пайда болған. Бұл жөнінде зерттеуші-ғалымдар А. Турханова мен Ә. Гусмановалар: «Стартап дегеніміз жаңа технологияны пайдалану арқылы дамытатын, өсу әлеуеті жоғары немесе ерте кезеңдегі жаңа компания. Бұл компаниялар даму үшін бизнес тәсілдерін дұрыс қолдану қажет» (Турханова., Гусманова, 2022), – дейді. Мәселен 1990 жылы интернеттің пайда болуы қазіргі таңға дейін адам баласына технологиялық мүмкіндіктер ашып отыр. Осындай жаңа үрдістер стартаптардың жаңа технологиямен байланысты пайда болғандығын көрсетті. Алғашқы стартаптар 1971 жылы «Кремний алқабының» көтерілуімен жүзеге асқан болатын. Мұнда «кремний» басты ингредиент болып, «Electronic News» журналында тұңғыш рет термин ретінде жария болады. Бұл салалық компанияда физикалық жартылай өткізгіштер жасалған. Сонымен «Кремний алқабы» термині әлемге танымал болып, 1951 жылы Стэнфорд университетінің индустриялық паркі құрылған. Бұл терминнің пайда болуы әлем елдеріне ең ірі жаңалық оқиға болып саналады. Осы кезеңде оған бірнеше компаниялар шоғырланып, бүкіл әлем бойынша технологияның дамуы шарықтай бастайды.

Интернет өмірге келген соң, 1994 жылы веб-браузерлер пайда болды. Интернеттің жылдамдығы артып, оны пайдаланушылар саны 1 миллионды құрайды. 1995 жылға дейін бұл көр-

сеткіш 50 миллионға дейін өседі. Ал 2021 жылы 8 миллиардқа жетіп артылады. Стартап жобалар әлем елдерінің ішінде Финляндия, Берлин, Лондон, Сингапур сияқты дамыған мемлекеттерде қалыптаса бастады. Түрлі кәсіпкерлік идеялардың жаңа түрлері, кейін дамушы елдерде де зерттеу орталықтары мен бизнес инкубаторлар түрінде қолға алынды. Мұндай кәсіпкерлік орталықтар Орта Азия елдерінде, соның ішінде Қазақстанда бірінші болып қолданысқа енгізілді.

Осы орайда Қазақстанның инвестициялық құрылымын дамыту үшін инновациялық бизнес идеяларды іске асыруды жүзеге асыратын шаралар өткізіле бастады. Кәсіпкерлікті дамытуға қажетті IT технологиялардағы соңғы тенденциялар халықаралық жобаларға сәйкес ережелерді орындауға тырысты. Елімізде Н. Назарбаев қабылдаған «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бойынша жаһанданудың ішкі-сыртқы ықпалына жұтылып кетпеудің алдын алып отыру маңызды болды. (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>). Ол үшін дамудың стратегиялық қадамдары ретінде отандық кластерлерді дайындап, оны халықаралық дәрежеге дейін көтеруді басты мақсат етті. Осындай бизнес-кластерлерді ұйымдастыру үшін жаңадан стартаптар экожүйесін құру және оған қатысты мамандар даярлау қажеттігі туындады. Стартап экожүйелер көбіне ЖОО аймақтарында немесе технологиялық компанияларда қалыптасты. Сонымен қатар оны жүргізу үшін инвесторлар мен қолдау қызметтерін де шоғырландыру жүзеге асты (Төңкер, 2024).

БАҚ материалдарын зерттеу барысында Қазақстанда бизнес және инновациялық секторлардың тұрақты жұмыс істейтіндігін аңғаруға болады. Мәселен «Astana hub», «Astana Innovations»

АҚ, «Qaztech Ventures» АҚ, «Нурис» сияқты стартап орталықтар Қазақстан нарығын тұрақты түрде дамытып келеді. Елімізде «Бес институционалды реформаны жүзеге асыру» бойынша «Астана» халықаралық Қаржы орталығы құрылған болатын. Бұл орталықтың ішінде IT және қаржылық технологиялар саласында стартап жобаларды қолдау үшін құрылған Fintech Hub платформасы орналасқан.

Әдебиеттерге шолу

IT стартаптардағы бизнес экожүйелерін алғаш жан-жақты қарастырған Саймон Анхольт, Филипп Котлер, Дональд Хайдер, Ирвинг Рейн сияқты зерттеушілер болды. Брендинг теориясын зерттеген Саймон Анхольт ұлттың имиджін құратын алты коммуникациялық саланы атап көрсетеді. Оған туризм, экспорт, басқару, инвестиция, интеграция, мәдениет, мұра, халық сияқты бөліктер кіреді. Егер бір мемлекет тек қана бір саланы ғана дамытса, онда елдің имиджі мен экономикасы тұрақты дами алмайды.

Индиялық профессор, менеджмент саласының зерттеушісі Сатиш Намбисанның “Кәсіпкерліктің цифрлық технологиялық перспективасы: теория және практика” атты мақаласында цифрлық технологиялардың кәсіпкерлікке әсері туралы жан-жақты зерттеледі. Сонымен қатар автор IT-стартаптардағы инновациялар мен мүмкіндіктерге баса назар аударады (Намбисан, 2017). Шетелдік ғалымдар Э.Аутио, С. Намбисан, Л. Томас және М.Райт сияқты ғалымдардың «Сандық және кеңістіктегі қолжетімділік: кәсіпкерлік экожүйелердің генезисі» атты зерттеу мақаласында IT стартаптардың кәсіпкерлік экожүйелердің дамуына қалай ықпал ететіндігі туралы ғылыми тұжырымдар жасалады (Аутио., Намбисан, 2018).

Ф. Джонс пен А.Бремнің «Сандық технологиялар кәсіпкерлігі: анықтамасы және зерттеулер» атты мақаласында цифрлық технологиялар саласындағы кәсіпкерліктің ерекшеліктері айқындалады. Сонымен қатар IT-стартап жобаларына қатысты қолданылатын құрылымдарды ұсына отырып, зерттеулерді іске асырудың күн тәртібін айқындап береді (Джонс., Брем, 2017).

С.Козн, С. Бингем және Б. Халлен «Жаңа кәсіпорындардағы шектеулі ұтымдылықты азайтудың үдеткіш конструкцияларының рөлі» атты мақаласында үдеткіш бағдарламалардың когнитивті шектеулерді жою арқылы жаңа кәсіпорындардың IT-стартаптардың дамуына қалай әсер ететіндігін көрсетіп береді (Козн., Бингем, 2019).

Дж.Брунил, Х. Или-Ренко және Б. Кларистің «Тәжірибеден үйрену және ұйымаралық оқыту жүйесі жас фирмаларды интернационалдандыру жағдайында тәжірибелік оқытуды қалай алмастырады?» атты мақаласында жаңа технологиялық фирмаларда оқытуды қалай пайдалану қажеттігін зерттейді (Брунил., Или-Ренко, 2010).

М. Грубер, И. Макмиллан және Дж. Томпсонның «Ақыл-ойдан нарыққа дейін: капитал қорлары технологиялық стартаптардың нарықтық мүмкіндіктерін анықтауды қалай қалыптастырады?» атты мақаласында адами капитал туралы зерттеулер жасалады (Грубер., Макмиллан, 2012).

Л. Хуан мен Дж.Пирстің «Белгісізді басқару: инвесторлардың кәсіпкерлік инвестициялық шешімдер қабылдаудағы ішкі түйсігінің тиімділігі» атты мақаласында IT – стартап жобаларды қаржыландыруға қатысты перспективаларды ұсына отырып, инвестициялық шешімдердің рөлі талданады (Хуан., Пирс, 2015).

Американың «Lpgenerator» редакциясынан стартаптар мен бизнес туралы тәжірибелік маңызы жоғары бірнеше кітаптар жарыққа шықты. Соның бірі кәсіпкер Эрик Ристің «Нөлден бастап Бизнес» атты кітабы болды (Рис, 2014).

Эрик Рис – үнемді стартап қозғалысын құрған АҚШ-тағы жас кәсіпкер. Ол IT-технологиялар саласындағы үздік кәсіпкерлер мен медиа тұлғалардың бірі болып саналады. 2001 жылдан бастап Кремний алқабында жетекші бағдарламашы болып жұмыс істеді. Онда алғашқы 3D virtual world жобасы сәтсіздікке ұшыраған соң IMVU Inc – интерактивті 3D әлеуметтік желісін құрды. 2011 жылға қарай компания 40000000 таза жылдық кіріске қол жеткізді. Бизнесі басқару және автоматтандыру тәжірибесі Эрикті консалтинг құруға әкелді.

Эрик Рис «Нөлден бастап бизнес» атты кітабында оқырмандарға стартаптардың ішкі процестері мен менеджменттік басқару жолдары туралы түсінік береді. Оқырман кітаптан бизнес-модельді құру және оңтайландыру, сондай-ақ компанияның сатылымын арттыру бойынша жеке қадамдық нұсқаулықтар алады.

«Нөлден бастап бизнес» (2014) – бұл сәттіліктің дерексіз тарихы емес, компанияның жұмысын ұйымдастыруға және болжамды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін нақты әзірленген әдістердің бірін қамтитын еңбек. Эрик Ристің бұл кітабы Amazon-дағы ең көп сатылатын кітаптардың қатарына жатады. Әрі ұзақ уақыт бойы бизнес тақырыбында жазылған ең үздік кітап ретінде саналып келеді. Оның артық-

шылығы дәлелді және мазмұнды білімдер жинағын ұсынуында болды. Ұсынылған кеңестер алыпсатарлыққа емес, табысты кәсіпкердің тәжірибесіне негізделген. Компанияның қызметіне тиімді емес шешімдерді анықтауға мүмкіндік береді. Қажетсіз шығындарға бюджетті «кетірмей», стартапты нөлден бастағысы келетін кәсіпкерлер үшін лайықты еңбек болып саналады.

«Стартап» (2016) кітабының авторы Гай Кавасаки – 80-ші жылдардағы маркетингке жауапты Apple компаниясының негізін қалаушылардың бірі. Кәсіпкер Apple брендінің жанкүйерлер армиясын құра отырып, «евангелизм» принциптерін интернет-технологияларға біріктірді. Гай бренд имиджін құру және мақсатты аудиторияның адалдығын қалыптастыру бойынша білікті маман болып саналады. Қазір кәсіпкер «Garage Technology Ventures» интернет-технологиялар саласындағы стартаптарға маманданған табысты компанияны басқарады.

«Стартап» атты кітаптың беттерінен оқырман риторика мен ойын – сауық мазмұнын таба алмайды. Мұнда тек жеке тәжірибедегі фактілер мен жағдайлармен расталған тікелей кеңестерге ғана орын берілген. Алайда бұл кітаптың кемшілігі: Гай өзінің ситуациялық жағдайындағы шешімдерді ғана ұсынады. «Стартапта» дүниетанымға қатысты тараулар да кездеседі. Мысалы, автор іскерлік Карма мәселелерін де қарастырады. Біреу оны қызықты деп санайды, ал біреулер үшін ол мәтіндегі «су» болмақ. Қалай болғанда да, «Стартап» кітабы құрғақ нұсқаулық емес, автордың жеке тәжірибесіндегі жағдайларды сипаттайтын қуатты мотиватордың ролін атқаратыны сөзсіз (Кавасаки, 2016).

Стив Бланк және Боб Дорфтың авторлығымен жарыққа шыққан «Стартап. Құрылтайшының үстел кітабында» (2013) да кәсіпкерліктің қыр-сыры баяндалады. Стив Бланк – танымал американдық кәсіпкер, ол табысты 8 гипер-стартапты іске қосты. Ол тұтынушылармен қарым-қатынас туралы авторлық әдістемесі мен «үнемді стартап» тұжырымдамасын әзірлеуге қатысқаны үшін «Кремний алқабының кіндік әкесі» деген лақап атқа ие болды (Бланк, Дорф., 2013).

Боб Дорф – Колумбия университеті бизнес мектебінің табыскер оқытушысы және 7 компанияны іске қосқан кәсіпкер. Атап айтқанда, оның Marketing 1 to 1 Inc нұсқасы әлемдегі ең үздік 500 стартаптың қатарына кіреді. Боб туралы мақалалар мен сұхбаттар «Гарвард Бизнес» шолуында, Forbes-те үнемі жарияланады. «Стартап. Стив Бланк пен Боб Дорфтың «Үстел

кітабы» – бұл стартаптың лайықты оффермен өмір сүруін қамтамасыз ететін бизнес модельді құруға арналған нұсқаулық. Оқырман бұл кітаптан бизнеске арналған алғашқы қадамдық нұсқаулықтар мен кәсіби мамандардың тәжірибесін үйренеді.

Кітаптың мазмұнына үңілсек, Стив Бланк тұтынушыларды дамытудың әдістемесін (Customer Development) оңтайлы жасап шығарғандығына көз жеткіземіз. Ол кәсіпкердің өнімді нақты тұтынушылар арқылы сынап, бастапқы идеяны мінсіз нәтижеге дейін жеткізу қажеттігін ұсынады. Үздіксіз жетілдіру әдісі тұтынушыға шын мәнінде сұранысқа ие өнімді жасауға мүмкіндік береді. Осы кітапты оқуға небәрі 7 күн жұмсағаннан кейін кәсіпкер үшін «күймейтін», сатушы үшін стартапты құрудың нақты әдістемесі қолға тиетін болады.

Келесі «100 долларлық стартап» (2015) атты кітаптың авторы Крис Гилбо жазушы және кәсіпкер ғана емес, сонымен қатар ол еркіндікті қалайтын адам. Ол саяхаттай жүріп, жұмыс күндерін көңілді өткізеді және контент маркетингінен бастап Африка елдеріндегі еріктілерге дейінгі әртүрлі жобаларды іске асырады. Крис өзінің мансапқа жету жолында 10 жыл бойы қарапайым жұмысшы болған. Содан соң алғашқы стартап жоба ретінде Баспа компаниясын ашқан.

Қазір Гилбо 100% онлайн режимінде жұмыс істейді. Оның күн сайын 300 000 жазылушыдан тұратын жеке меншік сайты бар. Автордың «100 долларлық стартап» кітабы – практикалық кеңестерге толы күшті мотиваторлық туынды. Кітаптың негізгі идеясы – өмірден ләззат алу мен ақша табудың үйлесімін насихаттау. Автор бұл жөнінде: «Кәсіпкерге ұнамайтын іспен айналысудың қажеті жоқ. Күнделікті кешкі уақытта ауыр жұмыс күнінен кейін демалу қажет. Кәсіпкерлік туралы дәстүрлі идеяларды бұзып, жаңа көзқарастық ұсыныстарды енгізу арқылы бизнесті одан әрі дамытуға болады» (Крис, 2013).

Крис Гилбоның еңбегінің басқа авторлардан айырмашылығы өмірден көп нәрсені қалайтын, бірақ бизнес-идеяға келгенде болашаққа сенімсіз әрі еркін жүзіп кетуге дайын емес адамдарға бағытталған. Кітаптан оқырман «мотивация» мен «сүйікті ісіңмен айналыс» идеясынан басқа бизнестегі тәртіпке негізделген іс-қимыл тәжірибесін, онда мүмкін болатын қиындықтар мен оларды қалай шешу жолдарын үйренеді. Материалды дайындау кезінде автор жылына 50000 доллардан бастап пайда табатын және қалтасында жүз доллардан кем болмайтын ақшасы бар

1500 кәсіпкердің тәжірибесін жинақтайды. «100 долларлық Стартап» – өміршең және бәсекеге қабілетті бизнес құруға арналған ондаған құнды кеңестері бар зерттеу еңбек.

Қорыта айтқанда, тиімді бизнес-модельдерді айқындайтын кітаптарды әзірлеу ұзақ жолдардан тұратын тәжірибеден өтуді талап етеді. Іскерлік әдебиеттерді зерттеу әрдайым нәтижелі бола бермейді. Кейде оқырман үшін мазмұнсыз әрі «су» болуы да мүмкін. Жалпы стартаптар үшін арнайы жазылған әдебиеттерден тиімді әрі пайдасы мол бизнес ақпараттар алуға болады.

Зерттеу әдістері

Мақалада БАҚ материалдары мен мемлекеттік құжаттық бағдарламаларды сараптау, статистикалық мәліметтерді жүйелеу, БАҚ-тағы контент өнімдерін анықтау сияқты тәсілдер қолданыс тапты. «Ұлт жоспары – бес институционалды реформа» бағдарламасы бойынша талдаулар жүргізілді. Стартаптар мен бизнес жобалардың мемлекетке қосатын үлесін және оны қолдау мақсатында іске асырылатын іс-шаралар айқындалды.

БАҚ-та жарияланған статистикалық мәліметтер негізінде «Astana Hub» үлескерлерінің табысы көрсетіліп, оның стартаптарға қосқан қаржылық мүмкіндіктері сарапқа салынды (astanahub.com). Стартап бойынша инновациялық өнім өндіретіндердің инвестициялық ахуалына талдаулар жасалды. Өндірістік өнімдердің халықаралық нарықта танылуын реттейтін бизнес экожүйесіндегі табысты арттырудың әдіс-тәсілдері қолданыс тапты. Зерттеуде Findehable халықаралық ұйымының жыл сайын өткізілетін «Global Fintech rankings» финтехнологиялық экожүйелерді дамыту рейтингісі негізінде контент талдаулар іске асырылды. Бұл талдаулардың нәтижесінде Қазақстандағы стартап жобалардың еліміздің имиджін көтеруге аса зор ықпал еткендігін аңғаруға болады. Бұл шаралардың мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына да тікелей әсер ете алатыны маңызды болмақ.

Талқылаулар мен нәтижелер

Бүгінде әлем елдері жаһандану жағдайында бір нарықтың арнасында бәсекеге түсу үшін түрлі стартап жобалар жасауға үздіксіз ұмтылыс жасап жатыр. Ол үшін кәсіпкерлік пен инновациялық технологиялар саны арту қажет. Стартаптар саны артқан сайын маңызды жобалар пайда бо-

лады. Осы ретте шетелдік инвесторлармен қоса ұлттық компаниялардың да арта түсуі қажет.

2023 жылы 1 желтоқсанда отандық халықаралық саяси газет «Түркістанда» журналист Әлия Тілеужанқызының «Кремний алқабында үздік ондыққа кірген стартап жоба» (Тілеужанқызы, 2023) атты мақаласы жарияланды. Журналистің мақаласынан елімізде ұзақ мерзімді экономикалық өсудің негізгі барометрі инновация мен кәсіпкерлік екендігіне көз жеткізе түсеміз. Осы орайда Қазақстанда пайда болған стартаптар мен инновациялық жобалардың іске асырылуы экономиканың қарқынды дамуына әсер етері сөзсіз. Бизнес корпорациялар нәтижелі жұмыс атқару үшін мемлекеттік қолдаулар мен түрлі бағдарламалар аса қажет. Журналистің зерттеулеріне сүйенсек, елімізде стартаптармен айналысатындар көбіне 30 жастан асқандар болғандықтан, оларға мықты тәлімгерлер ауадай қажет болып отыр. Сондықтан стартап жобаларға қатысты арнайы білім беру орталықтары ашылып, оқу бағдарламалары қабылдануы тиіс. Бизнес орталықтары ашылатын алаңдар пайда болып, жас кәсіпкерлерді оған тартуға күш салу қажет (Тілеужанқызы, 2023).

Проблемалық мақалада журналист біріншіден, заманауи трендтерге сай өзекті технологиялар мен жаңа идеясы бар жас ғалымдарды, кәсіпкерлерді біріктіретін, білім мен ғылым саласының майталмандары бас қосатын алаңдар ашу қажеттігін ұсынады. Екіншіден, мемлекеттік бағдарламалар арқылы бизнес-инкубаторлар мен стартап жобаларға арналған инвестиция көлемін ұлғайту маңызды болып отыр. Үшіншіден, отандық брендингті дамыту үшін халықаралық нарыққа ұмтылу жолдарын айқындау мақсатында жаңа өндіріс-өнімдерін шығарған дұрыс. Төртіншіден, экономикалық бәсекеге қабілетті болу шараларын қарастырған жөн. Отандық тауарларды өз елімізден шығарсақ, оның бағасы да қолжетімді әрі арзан болады. Халықтың сұранысын қанағаттандыру маңызды болып саналады. Еңбек пен капиталдың өнімділігі арта түседі.

Журналист А. Тілеужанқызының деректеріне сүйенсек, жалпы Хабтардың ашылу себебі өнімдерді халықаралық нарыққа шығарып, шетелдік инвесторларды тарту болып саналады. Қазір елімізде инновациялық өнім шығаратын стартап жобалар саны артып келеді. Стартап бағдарламасы бойынша, 2020 жылға дейін 50-ге жуық стартап пайда болған. Оған 2 млрд. қаржы бөлінген (Тілеужанқызы, 2023).

Осы орайда «Astana Hub» халықаралық технопарк ретінде қызмет атқарып, отандық кәсіпкерлерге көмегін тигізеді. Бұл Хабқа 650-ден астам адам тіркеліп, бюджетке 235 млрд. теңге табыс әкелген. Әзірше қазақстандық жобаларға шетел инвесторлары қаржы құюға көмектесіп жатыр. 5Q журналының деректері бойынша, 2021 жылы стартаптардан 8 млн. доллар пайда түскен. Осы жыл венчурлық қаржыландырудың рекордтық көрсеткішіне жеткендігімен ерекшеленді. Қазақстан Азия-Тынық мұхиты аймағы елдері арасында 13 орынға шыққан. Бұл көрсеткіш «Global Fintech Rankings» атты финтехнологиялық экожүйелерді дамыту рейтингінде көрсетілген (Тілеужанқызы, 2023).

Сонымен қатар мақалада қазақстандық Trust Me стартап жобасының әлемдік IT саласына арналған Draper U Trust бағдарламасының үздіктер қатарынан орын алғандығы туралы баяндалады. Бұл жобаның негізін Шыңғыс Дәулетбаев қалаған болатын. Әлем елдерінің 35 елінен келген инвесторлардың көзіне іліккен алғашқы жобаға америкалық миллиардер, венчурлік инвестор Тим Дрейпер де қызығушылық танытты.

Сараптамалық сұхбат барысында аңғарғанымыз, Шыңғыс мектепте оқып жүрген кезінде дәрігер болуды армандаған. Бірақ кейін ол алтыншы сыныптан бастап компьютерге қызыға бастайды. Екімыңыншы жылдары интернетте түрлі чаттар мен форумдар құруды үйреніп, содан инновациялық технологияларға деген қызығушылығы арта түскен. Кейін ҚБТУ-ға менеджмент факультетіне оқуға түсіп, екінші курста стартап жоба ашуды ойластырады. Бірақ тәжірибесі аз болған соң «Болашақ» бағдарламасымен Ұлыбританияға оқуға түсудің сәті туады. Онда адами капиталды қалай басқару бойынша білімін жетілдіреді. Оқуды тәмамдаған соң туған жеріне оралып, Ұлттық экономика министрлігінің Макроэкономикалық талдаулар мен жоспарлау басқармасына жұмысқа қабылданады. Бас маманнан директордың міндетін атқарушыға дейін еңбек баспалдақтарынан өтеді. Кейін «Хабар» агенттігінің шақыруымен телеарнаның стратегиясын жазуға қатысады. Онда біраз жұмыс атқарған соң басқарма директоры болып тағайындалады. Телеарнада жүріп, қосымша продакшн компания ашып, түрлі жобалар жасайды. Соның нәтижесінде жеке кәсіпкерлікпен айналысып, IT саласына қарай бет бұрады. Ең бастысы адамзатқа пайдалы істі ойлап табуды мақсат етеді.

Жас кәсіпкер ChatGpt сияқты ақша табуды мақсат етпей, адам баласына пайда әкелуді ой-

лау қажеттігін түсінеді. Мысалы, оның келісім-шарт жасау үдерісін барынша жеңілдететін SMS арқылы онлайн түрде қол қоятын Trust Contract сервисін құрастыру идеясын өте тиімді жоба деп бағалауға болады. Бұл жоба шетелдіктерді де таңқалдырған болатын. Бұл жөнінде Шыңғыс Дәулетбаев: – «Мысалы, Қасиетті Құранның Бахара сүресінде қарыз беру мен қайтару әдептері туралы айтылады. Онда «Бір-біріне қарыз бергенде, оны жазып қойыңдар» делінген. Қарызды жазған екі адамды куәгер етіп, қарыздың қайтарылатын күні мен уақыты жазылу керек болған. Міне, Жобада осы куәгерлердің орнына блогчейн орнатылатын болған. Сондықтан Trust Contract сервисін аштық» (Тілеужанқызы, 2023), – дейді.

Біріншіден, компанияларға келісім-шарт туралы заңды тұрғыда кеңестер беріледі. Екіншіден, осы келісімшарттарды жүйеге енгізіп, оның кейбір пункттерін автоматтандырып, мобильді телефонға SMS түрінде келетіндей етіп жасалады. Қажет болса адамның беті мен құжатын салыстырып, растап та береді. Әлемде мұндай технология мүлде кездеспеген. Осыған ұқсайтын DoskSign дейтін құны 50 млрд.доллар болатын компания бар. Онда тек келісімшарттарға қол қою ғана жүзеге асырылады. Бірақ қол қоюдың өзі e-mail арқылы жасалады. Сондықтан мұндай жоба қазақстандықтар үшін үлкен жетістік болды.

Бұған дейін Шыңғыс Дәулетбаев «Astana Hub» ұйымдастырған акселерациялық бағдарламаларға қатысып отырған. Кейін халыққа пайда тигізумен қоса, табыс таба алатын компанияға айналуы көздеген. Осы орайда «Astana Hub»-тың Google for Startups бағдарламасы мен Азия даму банкі ұйымдастырған стартаптар сайысына қатысқан. Сондықтан Әзербайжан, Өзбекстан елдерінде де филиалдар ашуға мүмкіндіктер туған. Әзербайжанда жүзге жуық стартап иесіне арналған онлайн бағдарламалар жүргізе бастаған. Соның нәтижесінде кәсіпкерге питчинг сыйысқа қатысып, Америкаға баруға жол ашылған. Ол ChekAuto жобасының тапсырмасы бойынша үш күнде жасанды интеллект өнімін жасап шығаруға қатысқан. Онда түрлі тапсырмалар беріліп, телефонсыз, интернетсіз, жылы киімсіз, ыстық сусыз күн көру қажет болған. Бір тапсырмада қайық құрастырып, батпақ жерді қайықпен жүзіп өтіп, кері қайтуың керек. Мұндай тапсырмалар жобаға қатысушыларды шынықтырып, одан әрі шыңдай түскен.

Бес аптаға созылған жарыстан соң Demo Docu өткізілген. Онда барлық фаундер үшін екі-үш күндік дәріс өткізіледі. Соңғы екі күндік

питчингке әлемге танымал, венчурлік инвестор, миллиардер Тим Дрейпер қазылық етеді. Қазылар құрамында бір топ инвестор болған. Олар барлық стартаперлерді тыңдап, бағасын анықтаған. Міне, осы топтық жарыста біздің қазақстандық жоба 118 стартаптың ішінен алғаш ондыққа кірген.

Дрейпермен өткен бейресми кездесу жайында Шыңғыс Дәулетбаев: – «Онымен – бірге кешкі ас ішкен кезде мен оған жобаның маңызы мен пайдасын асықпай түсіндірдім. Ол тіпті «Мәссаған! Күшті екен!» деп таңғалысын жасырмады. Ол да өз инсайттарымен бөлісіп, мені мықты инвесторлармен таныстыратынын айтты. Әрине, инвесторлар бәрін жіті тексереді, ол ұзақ жүргізілетін процедура. Өзінің шарттары да болады. Бірақ біз барлығы жақсы болатынына сенеміз» (Тілеужанқызы, 2023), – дейді. Болашақта осы жоба өз ісін одан әрі дамыта түссе, Қазақстанға да мол пайда әкелетіні сөзсіз. Осы мақсатқа қол жеткізілген жағдайда компанияда 2000-ға жуық адам жұмыспен қамтылатын болады. Оған шетелде тұратын қазақ жастарын да шақырту көзделген.

Қазақстанда әлемдегі ең үздік жоба деп танылған стартап жобалардың бірі Codi Play стартабы болып саналады. Оның негізін қалаған Жанәділ Талдыбаев. Бұл турасында республикалық «Заң» газетінің 2024 жылғы 4 қазаны күні журналист Е. Кебекбайдың «Қазақстандық стартап әлемдегі ең үздік жоба деп танылды» атты мақаласы жарық көрді. Журналистің деректеріне сүйенсек, Білім беру (Ed Tech) технологиясына арналған қазақстандық стартап жобаны шетелдік 13 мемлекет, соның ішінде Ұлыбритания, Корея, Сауд Арабиясы, Түркия сияқты елдер қолдана бастаған. Бұл жүйеге Yetev ірі білім беру қоры мен American School америкалық мектептер желісі қосылған (Кебекбай, 2024).

«Қазіргі таңда әлем елдері өз мектептерінде балаларды цифрлық сауаттылыққа бірінші сыныптан бастап, үйретуді қолға алып отыр. Алайда Codi Play стартап жобасының негізін қалаған Жанәділ Талдыбаев біздің мектептерді IT бағытта дамытуды тежейтін үш басты проблеманың бар екендігін айтып өтеді. Ол бағдарламалауды жетік білмейтін мұғалімдер және дұрыс әдістемелік базаның болмауы, сондай-ақ инфрақұрылымдық жүйенің дұрыс жолға қойылмағандығы болып саналады. Жоба жетекшісінің айтуынша, қазақстандық стартап геймификация әлемінен құралып, мектеп оқушыларының сындарлы ойлауы мен креативтік дағдыларды дамытуына

көмектеседі. Соның нәтижесінде олар бағдарламалау мен робототехниканы ойын түрінде игере алады.

2021 жылы жасалған бұл стартап жобаның құны 100 млн. доллар тұратын бизнес технологияға айналып, 950 млн. адамның пайдалануына мүмкіндік беріп отыр. Codi Play оқушыларға бағдарламалау мен робототехниканың негіздерін ойын түрінде үйретеді. Сондай-ақ білім беруге мүмкіндік ашылады. Бұл жөнінде Ж. Талдыбаев: «Біз балалардың бағдарламалауды не үшін оқитынын түсіндіру үшін технологияларды қалай жасап жатқанын көрсетуді маңызды деп ұқтық. Сондықтан күнделікті кездесетін IoT жобаларды таңдадық. Олар – ақылды камералар, шлагбаум, супермаркеттегі автоматты түрде ашылатын есіктердің, яғни балалар айналысатын күнделікті кездесетін технологиялар. Егер балалар оны жас кезінен көріп, құрастыра білсе, оларда инженерлік қабілет ояна бастайды. Техниканы көрген кезде оның қалай жұмыс істейтінін көріп, оның баламасын жасауға ұмтылады» (Кебекбай, 2024), – дейді.

Ж. Талдыбаевтың пайымдауынша, IoT жобаның көмегімен бағдарламалар құрастырып, ақылды үйлердің түрлі элементтерін жасауға болады. Жақында Жобаға дрондар мен AI модульдері іске қосылған. Жобаны әзірлеуге шетелдік оқытушылар мен ғалымдар да қатыстырылып жатыр. Кейбір мектептерде оқытушылар пилоттық жобаның нәтижесінде сабақтар өткізеді. Осылайша балалар IT әлемге қызығып, түрлі платформаларды игере алады. Цифрлық технологияларды пайдаланып, өз қабілеттерін жетілдіретін болады. Қазір бұл жоба Қазақстанда 130-дан, әлем елдерінде 300-ден астам мектепте қолданылады. Алматы облысының 5 мектебінде іске қосылған.

2024 жылы Қазақстан Codi Play жобасы Ұлыбританияның Лондон қаласында өткен The PiEoneer Awards байқауының жеңімпазы атанып, үздіктер қатарынан көрініп, «Жылдық цифрлық инновация» номинациясын жеңіп алды. Бұл жөнінде Жанәділ Талдыбаев: «Жобамыз халықаралық стандарттарға сәйкестігімен қоса бүкіл әлемде білім беру технологиясын дамытуға ықпал етіп жатыр. Біз инклюзивті, заманауи және әр оқушыға қолжетімді білімді құру бағытында еңбектене береміз», – дейді.

Журналист Бекзат Құлшардың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында 2024 жылы Орта Азия елдеріне арналған Silkway Asselerator – 2024 бағдарламасына Қазақстан-

нан 238 стартап қатысқандығы туралы деректер келтіріледі. Солардың ішінен «Astana Hub» пен «Google for Startups-тың Silkway Accelerator» атты бірлескен бағдарламасының соңғы кезеңінде 15 стартап іріктеліп алынды. Қазақстандық «ab.ai», «Alagan», «Beksar», «Courstore», «Crand Mobile», «Al Chirog пен UYSOT» жобалары үздіктер қатарына енді. Сонымен қатар бағдарлама сайысына Қызғызстаннан «Neobis», Моңғолиядан «Lambda Global» стартаптары үздік деп танылған (Құлшар, 2024).

Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, жүзден жүйрік стратегияны анықтауға «Google for Startups» сарапшылары Асқар Айтуов пен Ольга Скороходова, сондай-ақ еліміздің IT қауымдастығы белсенді өкілдері де қатысқан. Қазақстан бойынша 1300-ден астам жоба іске қосылып, сайысқа түскен. Жобада құны 400 млн. АҚШ доллары тұратын 50-ге жуық стартап пен қатысушылар тарапынан ұсынылған 526 млн. көлеміндегі ортақ инвестицияны басты жетістіктер ретінде айтуға болады. Министрлік жобалардың бәріне қолдау көрсетіп, ұйымдастыруға арналған инфрақұрылымдардың бәрімен қамтамасыз етіп отыруға тырысқан» (Құлшар, 2024).

Мақалада бөлім басшысы Ольга Скороходова, бүгінгі технологияларды әлеуметтік әрі экономикалық мәселелерді шешу үшін де пайдаға асыру керектігін жеткізеді. Осы орайда Қазақстан Орта Азияда Цифрлық технологиялар саласы бойынша көшбасшы болып келеді. Жобаға қатысқан барлық технологиялық жобалардың жетекшілері Google-дың үздік сарапшылары өткізетін шеберлік сағаттарға қол жеткізе алады. Сонымен қатар «Google for Startups» пен «Astana Hubтың» оқыту мен тәлімгерлік жағын толыққанды игеруге мүмкіндік алады.

Қазақстан – Орта Азия бойынша «Google for Startups» жаһандық компаниясымен бірге акселератор жүргізетін бірінші және жалғыз мемлекет. «Google for Startups» 2011 жылы Google корпорациясы іске қосқан болатын. Онда 125 елдің 50-ден астам коворкингі мен акселераторы бар. Онда кәсіпкерлер үшін технологиялық сабақтар ұсынылады.

Қорытынды

Бұл күнде дүниежүзі ғылым мен техника жолына түсті. Ақыл мен есептің заманы туған ке-

зең. Бүгінгі жұрттың тіршілігі – білімге, өнерге, амал-айлаға сүйенеді. Қазақстан да бұл жолда шет қалмай, замана көшіне ілесуге қамданып жатыр. Соның айғағы – елімізде өріс алып келе жатқан IT-стартап жобалар.

IT дегеніміз – ақпараттық технологиялар. Бұл – тек бір кәсіптің түрі ғана емес, бүтіндей бір саланың, тіпті жаңа дәуірдің кілті. Еліміздің осы саланы игере бастауы – қуанышты іс. Өйткені ол – отандық ілім мен білімнің, ұлттық іскерліктің белгісі. IT-стартап дегеніміз – жастардың жаңалық ашуға, өз ісін бастауға ниеттенген әрекеті. Олар жаңа технологияларды игеріп, білім мен ізденіс жолына қарай бет алды.

Қазір Қазақстанда түрлі IT-стартап жобалар өмірге келіп жатыр. Кейбір жаңашыл үрдістер білім беру саласын жаңғыртса, енді бірі медицина саласына оңтайлы шешімдер ұсынды. Соңғы жылдары елімізде шағын кәсіптен бастап, халықаралық деңгейге дейін көтерілген маңызды жобалар саны артып келеді.

Зерттеу барысында мұндай жобаларды іске асыруда кедергілердің де жоқ емес екендігі аңғарылады. Алдымен қаржылай қолдаудың жетіспеуі көпшілік жастардың талабын тежейді. Екінші – тәжірибелі мамандардың аздығы. Үшінші – стартаптарды нарыққа бейімдеу, тұтынушы сұранысына сай икемдеу мәселесі. Төртінші – ауыл-аймақ пен шағын қалаларда мұндай жобаларға жағдайдың жасалмауы болып отыр.

Осының бәрі IT саласының түбегейлі дамуына бөгет жасап тұр. Бірақ мұның шешімі де жоқ емес. Ең алдымен, мемлекеттік деңгейде жүйелі қолдаудың қажеттігі туындайды. Стартаптарға арналған гранттар мен жеңілдетілген салық жүйесі енгізілсе, жас кәсіпкерлерге де үлкен қолдау болары сөзсіз. Екіншіден, мектеп пен университет қабырғасынан бастап, бағдарламалау, логика, цифрлық сауаттылық пәндері кеңінен оқытылуы керек. Үшіншіден, жергілікті жерлер мен ауыл-аймақтарда да технологиялық хабтар мен коворкинг орталықтар құрылуы қажет.

Қорыта айтқанда, IT – стартаптар – келешекті дамытудың маңызды тетігі. Бұл тек табыс табудың жолы ғана емес, ұлтты алға жетелеудің бір құралы. Ақылды адам, ұқыпты жоспар, шынайы еңбек – осы үшеуі қатар жүргенде ғана нәтиже болады. Қазақстанның болашақ жастары өзгелерден кем емес. Оларға мүмкіндік пен бағыт берілсе, талай биіктерді бағындыратыны хақ. Бүгінгі IT – ертеңгі елдің тірегі. Оны түсініп, іске көшетін уақыт жетті.

Әдебиеттер

- «Астана Хаб»: официальный сайт. //URL: <http://astanahub.com/ru/1/100-startup-stoty> (Дата обращения: 12.11.2025)
- Autio, E., Nambisan, S., Thomas, L. D. W., & Wright, M. (2018). Digital Affordances, Spatial Affordances, and the Genesis of Entrepreneurial Ecosystems. *Strategic Entrepreneurship Journal*, 12(1), 72–95. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/sej.1266>. (Accessed 18.10.2024).
- Bruneel, J., Yli-Renko, H., & Clarysse, B. (2010). Learning from experience and learning from others: how congenital and interorganizational learning substitute for experiential learning in young firm internationalization. *Strategic Entrepreneurship Journal*, 4(2), 164–182. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/sej.89>. (Accessed 20.09.2024).
- Бланк С., Дорф Б. (2013) Стартап. Настольная книга основателя Стив Бланк и Боб Дорфа. – Москва: ОАО «РВК». // <https://flibusta.su/book/16419-startap-nastolnaya-kniga-osnovatelya/>. (Дата обращения: 10.12.2024).
- Cohen, S., Bingham, C., & Hallen, B. (2019). The Role of Accelerator Designs in Mitigating Bounded Rationality in New Ventures. *Administrative Science Quarterly*, 64(4), 810–854. <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/0001839218782131>. (Accessed 20.09.2024).
- Giones, F., & Brem, A. (2017). Digital Technology Entrepreneurship: A Definition and Research Agenda. *Technology Innovation Management Review*, 7(5), 44–51. https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2984542. (Accessed 15.12.2024).
- Gruber, M., MacMillan, I. C., & Thompson, J. D. (2012). From Minds to Markets: How Human Capital Endowments Shape Market Opportunity Identification of Technology Start-Ups. *Journal of Management*, 38(5), 1421–1449. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0149206310386228>. (Accessed 16.02.2025).
- Huang, L., & Pearce, J. L. (2015). Managing the Unknowable: The Effectiveness of Early-Stage Investor Gut Feel in Entrepreneurial Investment Decisions. *Administrative Science Quarterly*, 60(4), 634–670. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0001839215597270>. (Accessed 16.02.2025).
- Кебекбай Е. Қазақстандық стартап әлемдегі ең үздік жоба деп танылды. //Заң, 4 қазан, 2024. 5 б.
- Құлшар Б. Соңғы сынға сүрінбей жеткен стартаптар. //Егемен Қазақстан, 17 шілде, 2024. 8 б.
- Кавасаки Г. (2016) Стартап. – Москва: ООО «Альпина Паблишер». <https://flibusta.su/book/77314-startap-po-kavasaki-proverennyye-metodyi-nachala-lyubogo-dela/>. (Дата обращения: 15.12.2024).
- Крис Г. (2013) Стартап за \$100. – Москва: ОАО «РВК». <https://www.labirint.ru/books/369322/>. (Дата обращения: 15.12.2024).
- Nambisan, S. (2017). Digital Entrepreneurship: Toward a Digital Technology Perspective of Entrepreneurship. *Entrepreneurship Theory and Practice*, 41(6), 1029–1055. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1111/etap.12254>. (Accessed 18.10.2024).
- Рис Э. (2014) Бизнес с нуля. – Москва: ООО «Альпина Паблишер». <https://flibusta.su/book/2495-biznes-s-nulya-metod-lean-startup-dlya-byistrogro-testirovaniya-idey-i-/>. (Дата обращения: 10.12.2024).
- Турханова А., Ә. Гусманова. Қазақстанның елдік имиджінің даму факторы ретіндегі инновациялық стартап пен бизнес жобаларының рөлін талдау. //Қоғам және дәуір. N4 (76), 2022. 22-23 б.
- Тілеужанқызы Ә. Кремний алқабында үздік ондыққа кірген стартап жоба. //Түркістан, 1 желтоқсан, 2023. 8 б.
- Төңкер Е. Робототехникадағы жетістік. //Егемен Қазақстан, 17 шілде, 2024. 7 б.
- «Үлт жоспары – бес институттық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>. (Қаралған күн: 15.11.2023).

References

- «Astana Khab»: ofitsialnii sait [Astana Hub: official website]. //URL: <http://astanahub.com/ru/1/100-startup-stoty> (Accessed: 12.11.2025)
- Autio, E., Nambisan, S., Thomas, L. D. W., & Wright, M. (2018). Digital Affordances, Spatial Affordances, and the Genesis of Entrepreneurial Ecosystems. *Strategic Entrepreneurship Journal*, 12(1), 72–95. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/sej.1266>. (Accessed 18.10.2024).
- Bruneel, J., Yli-Renko, H., & Clarysse, B. (2010). Learning from experience and learning from others: how congenital and interorganizational learning substitute for experiential learning in young firm internationalization. *Strategic Entrepreneurship Journal*, 4(2), 164–182. <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/sej.89>. (Accessed 20.09.2024).
- Blank S., Dorf B. (2013) Startup. Nastolnaya kniga osnovatelya Stiv Blank i Bob Dorfa [A startup. The Founder’s Desk Book by Steve Blank and Bob Dorf]. – Moskva: ОАО «РВК». <https://flibusta.su/book/16419-startap-nastolnaya-kniga-osnovatelya/>. (Accessed: 10.12.2024).
- Cohen, S., Bingham, C., & Hallen, B. (2019). The Role of Accelerator Designs in Mitigating Bounded Rationality in New Ventures. *Administrative Science Quarterly*, 64(4), 810–854. <https://journals.sagepub.com/doi/full/10.1177/0001839218782131>. (Accessed 20.09.2024).
- Giones, F., & Brem, A. (2017). Digital Technology Entrepreneurship: A Definition and Research Agenda. *Technology Innovation Management Review*, 7(5), 44–51. https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2984542. (Accessed 15.12.2024).
- Gruber, M., MacMillan, I. C., & Thompson, J. D. (2012). From Minds to Markets: How Human Capital Endowments Shape Market Opportunity Identification of Technology Start-Ups. *Journal of Management*, 38(5), 1421–1449. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0149206310386228>. (Accessed 16.02.2025).
- Huang, L., & Pearce, J. L. (2015). Managing the Unknowable: The Effectiveness of Early-Stage Investor Gut Feel in Entrepreneurial Investment Decisions. *Administrative Science Quarterly*, 60(4), 634–670. <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/0001839215597270>. (Accessed 16.02.2025).

Kebekbai E. Kazakhstanlyk startup alemdegi en uzdik joba dep tanyldy [Kazakhstan startup recognized as the best project in the world]. //Zan, 4 kasan, 2024. 5 b.

Kulshar B. Songy synga surinbei jetken startaptar [Startups that have failed to meet the latest criticism]. //Egemen Qazaqstan, 17 shilde, 2024. 8 b.

Kavasaki G. (2016) Startup [The startup]. – Moskva: ООО «Alpina Publisher». <https://flibusta.su/book/77314-startup-po-kavasaki-proverennyie-metodyi-nachala-lyubogo-dela/>. (Accessed: 15.12.2024).

Kris G. (2013) Startup za \$100 [A startup for \$100]. – Moskva: ОАО «RVK». //https://www.labirint.ru/books/369322/. (Accessed: 15.12.2024).

Nambisan, S. (2017). Digital Entrepreneurship: Toward a Digital Technology Perspective of Entrepreneurship. Entrepreneurship Theory and Practice, 41(6), 1029–1055. // <https://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1111/etap.12254>. (Accessed 18.10.2024).

Ris E. (2014) Biznes s nulya [Starting a business from scratch]. – Moskva: ООО «Alpina Publisher». //https://flibusta.su/book/2495-biznes-s-nulya-metod-lean-startup-dlya-byistrogo-testirovaniya-idey-i-/. (Accessed: 10.12.2024).

Turhanova A., A. Gusmanova. Kazakhstannun eldik imijinin damu faktory retindegi inovasiyalyk startup pen biznes jobalarynyn rolin taldau [Analysis of the role of innovative start-ups and business projects as a factor in the development of the country's image of Kazakhstan]. //Kogam jane dauir [Society and era] N4 (76), 2022. 22-23 b.

Tileujankyzy A. Kremnii alfabunda uzdik ondykka kirgen startup joba [A startup project that entered the top ten in Silicon Valley]. //Turkistan, 1 jeltoksan, 2023. 8 b.

Tonker E. Robototeknikadagy jetistik [Breakthrough in robotics]. //Egemen Qazaqstan, 17 shilde, 2024. 7 b.

“Ult jospary – bes instituttyk reformany juzege asyru jonindegi 100 nakty kadam” [National plan – 100 concrete steps to implement five institutional reforms] //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100. (Accessed: 15.11.2023).

Авторлар туралы мәлімет:

Каримова Бибигуль (корреспондент-автор) – PhD, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, журналистика кафедрасының меңгерушісі (Талдықорған қ., Қазақстан, e-mail: karimova.bj@gmail.com);

Садықова Роза – филология ғылымдарының кандидаты, Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ университетінің language education кафедрасының ассистент профессоры (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: roza.sadikova@mail.ru);

Шойбек Бекмурат – Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қ. Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университетінің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: becksbm001@gmail.com);

Әбікенова Жанар – педагогика ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түркітану және тіл теориясы кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: abikenovazhanar@gmail.com);

Түлекова Гүлжан – филология ғылымдарының кандидаты, Тұран университеті. Медиа және мәдени қарым-қатынас жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Information about authors:

Karimova Bibigul (corresponding author) – PhD, Zhetysu university named after I. Zhansugurov, head of the Department of journalism (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: karimova.bj@gmail.com);

Sadykova Roza – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of the Department of language education of ALT University named after Mukhamedzhan Tynyshpaev (Almaty, Kazakhstan, e-mail: roza.sadikova@mail.ru);

Shoibek Bekmurat – Master of Humanities, senior lecturer of the Department of social and humanitarian Sciences of the University of International Business named after K. Sagadiyev (Almaty, Kazakhstan, e-mail: becksbm001@gmail.com);

Abikenova Zhanar – master of Pedagogical Sciences, senior lecturer of the Department of Turkology and language theory of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: abikenovazhanar@gmail.com);

Tulekova Guzhan – Candidate of Philological Sciences, Assistant Professor of University Turan. Higher School of Media and Communication (Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Сведения об авторах:

Каримова Бибигуль (корреспондентный автор) – PhD, заведующая кафедрой журналистики, Жетісуский университет им. И. Жансүгірова (Талдықорған, Казахстан, e-mail: karimova.bj@gmail.com);

Садықова Роза – кандидат филологических наук, доцент кафедры языкового образования Алтайского университета имени Мухамеджана Тынышпаева (Алматы, Казахстан, e-mail: roza.sadikova@mail.ru);

Шойбек Бекмурат – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры социальных и гуманитарных наук Университета международного бизнеса им. К. Сағадиева (Алматы, Казахстан, e-mail: becksbm001@gmail.com);

Абикенова Жанар – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры тюркологии и теории языка Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: abikenovazhanar@gmail.com);

Түлекова Гүлжан – кандидат филологических наук, доцент Университета «Тұран», Высшая школа медиа и коммуникации (Алматы, Казахстан, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Келін түсті: 1 маусым 2025 жыл

Қабылданды: 17 тамыз 2025 жыл

IRSTI: 19.01.05

<https://doi.org/10.26577/HJ20257734>**N.F. Muratova*** , **U. Qodirova** 

Journalism and Mass Communications University of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan

*e-mail: dr.nozima.muratova@gmail.com

EVALUATING THE EFFECTIVENESS OF POPULAR FACT-CHECKING SITES: A COMPARATIVE REVIEW

The article is devoted to the study of Uzbek fact-checking platforms and analyzes them. The power of truth in the digital age ultimately depends not just on the technical capacity to identify and correct false information, but on the broader social, economic, and political systems that support truth-seeking institutions. Fact-checking platforms have demonstrated their value as specialized tools in this broader ecosystem. There are three main fact-checking websites in Uzbekistan. Still, their long-term effectiveness will depend on continued innovation, sustainable funding models, and integration with other approaches to promoting information integrity. As the information landscape continues to evolve with advances in artificial intelligence, changes in social media platform policies, and shifting political dynamics, fact-checking platforms will need to adapt while maintaining their core commitment to accuracy, transparency, and methodological rigor.

The research provides clear evidence that professional fact-checking and local organizations represent the most effective approach to countermeasures against systematic misinformation, consistently outperforming algorithmic, crowdsourced, or amateur alternatives. The article's purpose is to investigate Uzbek fact-checking platforms, analyzing their operational effectiveness and highlighting their role in safeguarding truth in the digital ecosystem.

The study provides a comparative analysis and empirical methods. The research paper analyzes the three primary fact-checking websites in Uzbekistan. It integrates stakeholder legal framework analysis and reviews of educational initiatives to evaluate both technical capacities and systemic support for information integrity.

Main Results show that professional and locally embedded fact-checking organizations in Uzbekistan are the most effective means of combating systematic misinformation. Significance of the research underscores that the long-term success of Uzbek fact-checking platforms depends on ongoing innovation, sustainable funding, and integration with broader media literacy and regulatory efforts. As the information landscape evolves – particularly through advances in AI and social media policies – these platforms must adapt while retaining their commitment to accuracy. The study provides actionable recommendations for policymakers and media stakeholders to promote the resilience and reliability of Uzbekistan's information environment.

Keywords: fact-checking platforms, verification, fact-checking, news organizations, myth, information warfare, fake news.

Н.Ф. Муратова*, У. Қодырова

Өзбекстанның журналистика және бұқаралық коммуникация университеті, Ташкент, Өзбекстан

*e-mail: dr.nozima.muratova@gmail.com

Танымал фактчекинг сайттарының тиімділігін бағалау: салыстырмалы шолу

Мақала Өзбекстандағы фактілерді тексеру платформаларын зерттеуге және оларды талдауға арналған. Цифрлық дәуірде ақпараттың шынайылығы тек жалған ақпаратты анықтау мен түзетудің техникалық қабілетіне ғана емес, шындықты тексеретін институттарды қолдайтын әлеуметтік, экономикалық және саяси жүйелерге де байланысты. Фактілерді тексеру платформалары осы ауқымды экожүйедегі мамандандырылған құрал ретінде өздерінің құндылығын көрсетті. Өзбекстанда үш негізгі фактілерді тексеру веб-сайттары бар. Дегенмен, олардың ұзақ мерзімді тиімділігі үздіксіз инновацияларға, тұрақты қаржыландыру үлгілеріне және ақпараттың тұтастығын насихаттаудың басқа тәсілдерімен интеграциялануға байланысты болады. Ақпараттық ландшафт жасанды интеллекттегі жетістіктермен, әлеуметтік медиа платформалары саясатындағы өзгерістермен және саяси динамиканың өзгеруімен дамып келе жатқандықтан, фактілерді тексеру платформалары дәлдікке, ашықтыққа және әдістемелік талапқа деген негізгі міндеттемелерін сақтай отырып, бейімделуі керек.

Зерттеу фактілерді тексерудің кәсіби және жергілікті ұйымдарының жүйелі дезинформацияға қарсы іс-қимылдың ең тиімді әдісін білдіретінін анық дәлелдейді. Себебі, олар алгоритмдік, көпшілік немесе әуесқойлық баламаларды үнемі жеңіп шығады. Мақаланың мақсаты – Өзбекстандағы фактілерді тексеру платформаларын зерттеу, олардың операциялық тиімділігін талдау және цифрлық экожүйедегі шындықты сақтаудағы рөлін көрсету.

Зерттеу салыстырмалы талдау мен эмпирикалық әдістерді ұсынады. Зерттеуде Өзбекстандағы үш негізгі фактілерді тексеру веб-сайттарын талдайды. Ол ақпараттық тұтастықтың техникалық мүмкіндіктері мен жүйелік қолдауын бағалау үшін білім беру бастамаларын талдау мен шолуды біріктіреді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері Өзбекстандағы кәсіби және жергілікті енгізілген фактчекинг ұйымдары жүйелі жалған ақпаратпен күресудің ең тиімді құралы екенін анықтады. Өзбекстанда кәсіби және жергілікті фактілерді тексеру ұйымдары жүйелі дезинформацияға қарсы күрестің ең тиімді құралы саналады. Зерттеудің маңыздылығы өзбек сайттарындағы фактілерді тексеру платформаларының ұзақ мерзімді табысы үздіксіз инновацияларға, тұрақты қаржыландыруға және медиа сауаттылық пен реттеушілік күш-жігермен интеграциялануға байланысты екенін көрсетеді. Ақпараттық ландшафт дамыған сайын, әсіресе AI және әлеуметтік медиа саясатындағы жетістіктер арқылы, бұл платформалар дәлдікке деген міндеттемелерін сақтай отырып, бейімделуі керек. Зерттеу саясаткерлер мен БАҚ-тың мүдделі тұлғаларына Өзбекстанның ақпараттық ортасының орнықтылығы мен сенімділігін арттыруға арналған іс-әрекетке қабілетті ұсынымдар береді.

Түйін сөздер: фактілерді тексеру платформалары, тексеру, fact-check, жаңалықтар ұйымдары, миф, ақпараттық соғыс, жалған жаңалықтар.

Н.Ф. Муратова*, У. Кодырова

Университет журналистики и массовых коммуникаций Узбекистана, Ташкент, Узбекистан

*e-mail: dr.nozima.muratova@gmail.com

Оценка эффективности популярных сайтов фактчекинга: сравнительный анализ

Статья посвящена изучению и анализу узбекских платформ проверки фактов. Сила правды в эпоху цифровых технологий в конечном итоге зависит не только от технической способности выявлять и исправлять ложную информацию, но и от более широких социальных, экономических и политических систем, которые поддерживают институты, ищущие правду. Платформы фактчекинга продемонстрировали свою ценность как специализированные инструменты в этой экосистеме.

Долгосрочная эффективность узбекских сайтов фактчекинга будет зависеть от постоянных инноваций, устойчивых моделей финансирования и интеграции с другими подходами к содействию целостности информации, медиаграмотностью и регулятивными усилиями. Поскольку информационный ландшафт развивается, особенно благодаря достижениям в области ИИ и политики в области социальных сетей, эти платформы должны адаптироваться, сохраняя при этом приверженность точности.

Исследование содержит доказательства того, что профессиональная проверка фактов и местные организации представляют собой наиболее эффективный подход к противодействию систематической дезинформации, последовательно превосходя алгоритмические, краудсорсинговые или любительские альтернативы. Целью статьи является изучение узбекских платформ проверки фактов, анализ их оперативной эффективности и освещение их роли в сохранении правды в цифровой экосистеме. Исследование обеспечивает сравнительный анализ и эмпирические методы. Анализируются три основных веб-сайта по проверке фактов в Узбекистане. Изучена правовая база заинтересованных сторон, проведен обзор образовательных инициатив для оценки как технического потенциала, так и системной поддержки целостности информации. Основные результаты показывают, что профессиональные и локальные организации по проверке фактов в Узбекистане являются наиболее эффективными средствами борьбы с систематической дезинформацией.

Поскольку информационный ландшафт развивается, особенно благодаря достижениям в области ИИ и политики в области социальных сетей, эти платформы должны адаптироваться, сохраняя при этом приверженность точности. Исследование содержит практические рекомендации для политиков и заинтересованных сторон в СМИ по содействию устойчивости и надежности информационной среды Узбекистана.

Ключевые слова: платформы для проверки фактов, верификация, fact-check, новостные организации, миф, информационная война, фейковые новости.

Introduction

Every day, life teaches us to verify the news and information around us. Almost every person in the world has clicked on malware links or read fake news on social media. In a digital age when social media dominates global information sharing, an alarming two-thirds of digital content creators are publishing unverified information. Statistics show that 36% of young people aged 16-29 in the EU, who had used the internet 3 months before the survey, tried to verify the truthfulness of news or content found on the internet from other sources. These numbers showed that 64% young people can't check news and use fact-checking tools. For this occasion, there are many fact-checking tools for verification. Globally, 60% news organizations regularly report false stories. Fact-checking websites are a powerful solution for these challenges. The first one, Snopes, was founded in 1995. Today, Fact-checking is available to any Internet user thanks to the emergence of special resources. The fact-checking websites give a ready-made article that people can read without any difficulty. From the sources that analyzed the author, the reader can trust them. Roberts and Koliska

offer a significant and much-needed exploration into the precarity and psychological toll experienced by fact-checkers in the global media ecosystem. Their qualitative and international approach—drawing on in-depth interviews from 51 fact-checkers across six continents—reveals a richly nuanced landscape of professional and personal challenges that go far beyond the surface-level perception of fact-checking as a purely technical or objective exercise. (Jessica Roberts, 2025)

Fact-checkers are now found in at least 102 countries. The active fact-checkers produce reports in nearly 70 languages, from Albanian to Urdu. English is the most commonly used language, found on 146 different sites, followed by Spanish (53), French (33), Arabic (14), Portuguese (12), Korean (11), and German (10). Fact-checkers in multilingual countries often present their work in more than one language – either in translation on the same site, or on different sites tailored for specific language communities, including original reporting for those audiences. The statistics from the Duke Reporters' Lab (2020) show that there are currently 641 fact-checking sites in the world: 447 are active and 194 are inactive.

Table

	2018	2019	2020	2021 (YTD)
Australia	3	4	5	5
Africa	19	25	34	34
South America	25	43	42	42
North America	84	77	80	74
Asia	62	83	89	89
Europe	84	95	95	98
Total	277	327	345	342

(Duke Reporters' Lab, 2020).

The study demonstrates that both personal capabilities (self-efficacy, outcome expectancy) and environmental perceptions (skepticism, ambiguity) significantly drive health information fact-checking on SNSs. Crucially, gender plays a moderating role, with males being more goal-oriented (focusing on outcomes) and females being more risk-averse (responding to suspicious/ambiguous content). These findings provide evidence-based guidance for devel-

oping targeted interventions to combat health misinformation through improved fact-checking behaviors. (Xia J, 2025)

Literature review

To understand the role of fact-checkers within the context of journalistic work, it is important to consider their approach to the fundamental norm

